



МЕМЛЕКЕТТІК – JEKEMENSHIK ÁRIPTESTİK

Б.ӘЙТІМОВА, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

«СЫРДАҒЫ ТӘЖІРИБЕНІ ҮЗДІК ҮЛГІ РЕТІНДЕ РЕСПУБЛИКАДА ЕНДІРУ КЕРЕК»

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бойынша Қызылорда облысының тәжірибесі еліміздің өзге өңірлеріне үлгі. Аймақта өткен Парламент Сенатының әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің көшпелі мәжілісінде комитет төрайымы, сенатор Бірғаным Әйтимова осылай мәлімдеді. Мәжіліске облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Сенат депутаты, бірқатар министрлік өкілдері, сала жетекшілері мен аудан, қала басшылары қатысты. Отырыс денсаулық сақтау және білім беру саласының мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке қатысты мәселелеріне арналды.



Бюджеттің қарымы жете бермейтін, әсіресе, мемлекеттік маңызы зор әлеуметтік жобаларға бизнесті тарту қажеттілігі туралы Елбасы әрқес айттып жүр. Өйткені бұл – ел экономикасын жаңа белеске көтерудің, оны әртараптандырудың, кәсіпкерлерді ірі инвестициялық жобаларға тарту арқылы мемлекетпен бірлесе бизнесті жаңа өріске шығарудың бірден-бір жолы.

– Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін қолданудың артықшылығы көп. Жеке сектор үшін жаңа инвестициялық мүмкіндіктер, кіріс көздері, ауқымды жобаларға қатысу мүмкіндігі пайда болады. Бүгінде республика бойынша екіжақты әріптестік негізінде жасалған келісімшарт саны 200-ден асты. Олардың жалпы құны 766 млрд теңгеден жоғары. Қызылорда облысында атқарылып жатқан жұмыстарға көңіл толады. Бір ғана мысал, аймақтағы 400-ге жуық балабақшаны кәсіпкерлер салған. Бұл – барлық балабақша санының 71 проценті.

Осылайша артылған қаражат өзге әлеуметтік-экономикалық міндеттемелерді орындауға жұмсалуда, – деді Б.Әйтимова.

Одан кейін аймақ басшысы облыстың әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны туралы аз-кем айтып берді. 2013-2017 жылдар аралығында өңір экономикасына 1,3 трлн теңге тікелей инвестиция тартылған. Бұрын өнеркәсіптің ауқымды бөлігі мұнай, газ және уранның тұратыншына байланысты экономика осы шикізаттардың бағасына тәуелді еді. Ал қазіргі күні өңдеу өнеркәсібі көлемінің 2 есе өсуі экономиканы әртараптандырудың арқасында ғана мүмкін болып отыр. Соңғы бес жылда 2 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл ең үлкен әлеуметтік мәселе – баспана түйткілін тарқатуға ықпал етті.

Қызылорда әлеуметтік салаға жан басына шаққанда ең көп қаржы бөлетін аймақтардың алдында тұр. Есепті кезеңде 200-ден астам әлеуметтік нысан салынып, 645 отбасы өздері

тұрып жатқан апатты үйлерден жаңа баспанаға көшті. 2018-2020 жылдар облыста «Жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үшжылдығы» деп жарияланды. Осы мақсатта кешенді «Жол картасы» әзірленіп, оны іске асыруға 32 млрд теңге бөлу қарастырылды. Оның ішінде 3 млрд теңге стартап жобаларға бөлінді.

– Қазіргі таңда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында өңірде 75 жоба жүзеге асырылуда. Басым бөлігі денсаулық сақтау саласы бойынша, яғни 75 жобаның 29-ы немерсе 39 проценті осы салаға тиесілі. Сондай-ақ, спорт, білім беру, цифрландыру және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бойынша жобалар да іске асуда, – деді өңір жетекшісі.

Айта кетейік, Қызылорда облысы мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту бойынша еліміздегі үздік 5 аймақтың қатарында. Аймақ басшысы әріптестік механизмін инвесторлар қызығушылық танытқан жобалардың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін ғана пайдалану керектігін ескертті. Өйткені, жобаларды іске асыру инвестор үшін кіріс деңгейін қамтамасыз етіп қана қоймай, мемлекет тарапынан оларға төленетін өтемақы мөлшерін барынша азайтуға, қажетсіз шығындарды жоюға мүмкіндік береді.

Мәжілісте бірқатар министрлік өкілдері өз салаларында атқарылып жатқан шараларды баяндады. Денсаулық сақтау вице-министрі Олжас Әбішевтің айтуынша, қазіргі күні бұл бағыттағы жобалар саны 219-ды құрайды. Оның 216-сы – жергілікті, ал қалғаны 3-і – республикалық. 57 жобаға байланысты келісімшарт жасалды. Жобалар саны жөнінен Сыр өңірі аймақтар арасында екінші орында тұр. Ендігі мақсат – 2025 жылға қарай саланы дамытуға 1,3 трлн теңге инвестиция тарту.

Еліміз бойынша әріптестік негізінде жүзеге асырылып жатқан жобалардың шамамен 60 проценті білім саласының үлесіне тиесілі. Аталған салаға инвестиция тарту мақсатында жыл сайын заңнамалық база жетілдіріліп, сәйкесінше жеке инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасалып келеді. Білім және ғылым министрлігі Балалар құқығын қорғау комитетінің төрағасы Нұрбек Оршыбеков мәлімдегендей, мемлекеттік «Балапан» бағдарламасы басталған Қазақстанда 2010 жылдан бергі уақытта 200 мыңнан астам балаға арналған 2336 жекеменшік балабақша мен мектеп жанындағы шағын орталық ашылды. Оларда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға 900 млрд теңге көлемінде қаржы бөлінді. Бүгінгі күні жергілікті атқарушы органдар тарапынан мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктері арқылы жалпы сомасы 37 млрд теңгені құрайтын 320-ға жуық жоба жүзеге асырылып жатыр.



Аймақтағы бірлескен жобалар экономиканың барлық саласын қамтиды, әсіресе, инвесторлар негізінен денсаулық сақтау, білім беру, спорт салаларына қызығушылық танытып отыр. Көшпелі отырыста бұл туралы облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким тарқатып айтты. Мысалы, денсаулық сақтау саласында – 29, дене шынықтыру және спорт саласында – 12, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында – 10, білім беру саласында – 8, цифрландыру саласында – 7, жалаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында – 5, мәдениет, әлеуметтік қамсыздандыру, қоғамдық тәртіп және экология салаларында бір-бір жобадан жүзеге асырылуда.

– Қазіргі уақытта аймақта 18 келісімшарт жасалды. Оның 10-ы – медициналық диспансер құрылысы, 4-і – спорттық-сауықтыру кешенін жалға беру және қызмет көрсету, Қызылорда қаласындағы бір ауысымда 400 келушіге қызмет көрсететін емхана ашу, №101 орта мектепте арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетуге кішігірім үй салу және қазандығын жаңғырту (газ жылыту жүйесіне көшіру), Жалағаш ауданының Таң ауылдық округінде балабақша салу жобалары, – деді Е.Ким.

Сонымен қатар, жиын барысында «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ төрағасының орынбасары Талғат Матаев, Қызылорда қаласындағы №2 «Нұр-Шұғыла» жекеменшік балабақшасының жетекшісі Бибаиша Төлегенова әріптестіктің тиімділігіне тоқталды. Кездесуді Сенат комитетінің төрайымы Бірғаным Әйтимова қорытындылады.

– Біз мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде салынған бірқатар балабақшалардың, нысандардың жұмысымен таныстық, Әріптестірімізбен бірге Қызылорда облысындағы бұл тәжірибені үздік үлгі ретінде республика бойынша енгізу керек деп ойлаймыз, – деді ол.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».

BIZNES-FORÝM

ӘРІПТЕСТІК ӘЛЕУЕТІ АРТА ТҮСЕДІ

Кеше Қызылорда қаласында «Астана-Қызылорда облысы: өңіраралық әріптестік» атты бизнес-форум өтті. Шарада екі өңірдің өндіріс, орта және шағын кәсіпкерлік, туризм салалары бойынша байланыстары талқыланды.

Бизнес-форумға облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов пен Астана қаласы әкімінің орынбасары Ермек Аманшаев, екі өңірдегі кәсіпкерлік саласына қатысты мекеме өкілдері қатысты.

Кездесуде Руслан Рүстемов Астана мен Қызылорда арасында басты сала бойынша тәжірибе алмасудың маңызы, бизнес-жобалар мен инновациялық идеялардың аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосар үлесі жайында айтып өтті. Форумда сойлеген Астана қаласы әкімінің орынбасары Ермек Аманшаевтың айтуынша, елордалықтар үшін біздің аймақтың орны бөлек. Әсіресе, өндіріс, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, «ақылды қала» технологиясын ендіру бағытында бірлескен жобалар жасауға болады.

Астана қалалық инвестиция және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Бекмүрзиев елордада шетелдік инвесторлармен бірлесе атқарылып жатқан жобалар жайында айтып өтті. Еліміздің басқаласында өңірлік инновациялық және инвестициялық стратегиялар әзірленіп, шетелдік инвесторлармен нақты жұмыс жасалуда. Олардың қатарында транслиттық компаниялар да бар. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде онда 160 жобаға 7 млрд АҚШ доллары тартылған. Биыл бас қалада жалпы құны 17,1 млрд теңге болатын 13 индустриялық жоба жүзеге аспақ.

Шарада Қызылорда қаласындағы кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының оңды бастама екендігі де айтылды. Бізден бастау алған бұл тәжірибе қазір басқа өңірлерде, оның ішінде Астана қаласында да енгізілуде.

Кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған өңірлік бағдарламаның барысы жайлы «Астана» ӘКК» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Досбол Көшербаев айтып өтті.

Бүгінде «Астана» ӘКК шағын және орта бизнеске қолдау білдіріп отырған бірнеше аймақтық бағдарламалардың бастамашысы әрі операторы. Мәселен, «1000 орын – көше саудасы» іске асқан сәтті жобалардың бірі. Бағдарламаның мақсаты – қызмет көрсету саласының сапа деңгейін көтеру, көше саудасын заманауи форматқа келтіру. Екі жылдың ішінде 1200 жеке кәсіпкермен келісімшарт жасалып, 1,1 млрд инвестиция құйылды. Осылайша, Астана қаласының көшелеріндегі сауда-саттық жүйесі қарқын алып, жаңа жұмыс орындары ашылды.

– Бұл жоба қызылордалықтар үшін де тиімді болар деген ойдамын. Осы арқылы көше саудасы реттеледі. Кәсіпкерлер конкурсқа қатысып, қалаған жерінен дүңгіршекті жалға алады. Біз бұл жобаны «Атамекен» кәсіпкерлік палатасымен жүзеге асырудамыз, – деді Досбол Көшербаев.

Қызылордалықтарға «Led Solution» ЖШС өнімі – «ақылды» көше жарықтандыратын жобаны таныстырылды. Серіктестік жетекшісі Қаныбек Айтақовтың сөзінше, компания «Астана – жаңа қала» экономикалық аймағында светодиодты жарық шамдарын шығарумен айналысады.

Бизнес-форумда «Smart-медицина», «Smart-білім» жобалары мен «Smart-Астана» мобильдік қосымшасы таныстырылды.

Форум аясында астаналық делегация өкілдері «Абзал и К» ТС, «Комфорт 1 КЗ» ЖШС және «Dalatex» серіктестігі жұмысымен танысып, өлкетану музейінде болды.

Кездесу қорытындысында өңірлердің өзара байланысын өрістетуге тұсу мақсатында екіжақты 7 келісімге қол қойылды.

«СБ» ақпарат.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Кеше Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы аясында өңірімізге жұмыс сапарымен келген ҚР Парламенті Сенатының депутаттары, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің өкілдері Бірғаным Әйтимова, Серік Бектұрғанов, Мурат Бақтиярұлы, Сергей Ершов, Бақытжан Жұмағұлов, Динар Нөкетбаева, Нариман Төреғалиев мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде салынған білім беру мекемелерінің жұмысымен танысты.

Сенаторлар №2 «Нұр-Шұғыла» жеке мектепке дейінгі мекемесіндегі кездесу барысында білім беру процесіне қатысып, ғимаратты аралап көрді. 320 балаға арналған екіжабатты нысан ойын және спорт алаңдарымен қамтылған. Балабақша құрылтайшысы – «Нұрай» құрылыс компаниясының директоры, белгілі меценат Сейітқали Алшынбаев. Ғимарат құрылысы «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік инновациялық бағдарламасы аясында «Альянс Банк» АҚ бәкінен несие рәсімдеу және кәсіпкердің жеке инвестициясы арқылы жүргізіліп, жалпы құны 465 млн теңгені құраған.

– Бүгінде балабақшада 80-нен аса қызметкер жұмыс атқарса, оның тең жартысы педагогтар. Үштілді білім беретін мекеме интерактивтік құрал-жабдықтармен жабдықталған, – дейді балабақша басшысы Бибаиша Төлегенова.

Айта кету керек, білім саласына құруар қаржы құйған меценат мұнан өзге қаладағы 360 орындық №1 «Шұғыла», 180 орындық №3 «Алтын Орда Шұғыла», Досан ауылындағы 100 балаға арналған мектептің құрылтайшысы.

2-бет

ЖАУАПТЫ МАУСЫМ ЖАҚЫН ҚАЛДЫ

Таусылмастай көрінген жаздың ыстық күндері де өтіп, күз де келді. Көп ұзамай жылу беру науқаны сынды жауапты кезеңге аяқ басамыз. Ал оған дайындық сонау сәуір айында, жылу беру тоқтатылсымен-ақ арнайы штабтардың құрылуымен басталып кеткен болатын. Енді жаз бойғы жұмыстардың қаншалықты дәрежеде жүргізілгенін саралап көрейік. Рас, бір кездердегідей жалпылама тонналап қатты отын мен сұйық отынды жеткізіп алу сияқты мапақаты мол тірліктен көп жағдайда «көгілдір отын» құтқарғанымен бұл салада атқарылатын жұмыс жетерлік.



Жалпы облыс бойынша тіршілікті қамтамасыз етуші кәсіпорындар мен әлеуметтік сала нысандарының алдағы жылу беру маусымына дайындығы бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде. Облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы мамандарының мәліметтерін тұтынушыларды электр және жылу энергиясымен, газбен және сумен қамтамасыз ететін коммуналдық кәсіпорындардың жөндеу жұмыстары 78%, ал әлеуметтік нысандар (білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт) мен автономды қазандықтардың жөндеу жұмыстары 95% орындалған. Орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған көпқабатты тұрғын үйлердің дайындығы 96% (743 көпқабатты тұрғын үйдің 713-і) құрап отыр.

Облыс бойынша 1166 әлеуметтік сала нысандарының алдағы жылу беру маусымына қажетті қатты отын қоры 57,8 мың тонна, сұйық отын қоры 24,7 мың тонна. Бүгінгі күнге қажетті отын қорының 50% жасақталды (қатты отын қоры 20,5 мың тонна, сұйық отын қоры 15,5 мың тонна). Әлеуметтік нысандарға қажетті отын қорын жеткізші мекемелермен толықтай келісім-шарт жасалып, кезең-кезеңімен тасымалдануда. Сонымен қатар, жоспар бойынша тұрғындардың көмір отынына қажеттілігі 207,1 мың тонна болса, бүгінгі күнге, жалпы қажеттіліктің 33,2 мың тоннасы (16%) жеткізілді.

2-бет



САРЫАРҚАНЫҢ САЗ СӘЛЕМІ

Кеше Елорданың 20 жылдығына орай Қызылорда облысындағы Астана қаласының мәдениеті мен өнер күндері аясында Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында «Астанадан ақ тілек» атты концерт өтті.

Салтанатты жиында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Елорданың – 20. Қызылорда қаласының 200 жылдығы мерейтойларымен құттықтап, бұл мәдени шара рухани болмысымызды одан әрі аша түсетінін ерекше атады.

– Астана – Алаш жұртының асқақ айбары. Кеше ғана Еділден айырылған қазақ Есіден де айырылайын деп тұрғанда Еуразия төрінде, Сарыарқаның төсінде Елбасының бастамасымен заманауи Астана бой көтерді. Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру қазақтың өз билігі өз қолына тигеннен кейін ұлттың болмыс-бітімін сақтап, мемлекеттің келешегін кемелдендіру мақсатында он ойланып, тоғыз толғанып барып қабылданған тарихи шешім болды. Мыңжылдықтар тоғысындағы мұндай батыл шешім қазір қай қырынан алып қарасақ та дұрыс болғанын уақыттың өзі дәлелдеді. Құла даладан құбылаға бет түзеген, сәні мен салтанаты жарасқан Елордамыз тәуелсіздігіміздің тірегіне, экономикамыздың жүрегіне айналды. Сондықтан Астананың 20 жылдық мерейтойы – бұл мемлекетіміздің мерейтойы, жалпыхалықтық мереке, – деді аймақ басшысы.

XX ғасырда әлемдегі мемлекеттер арасында Германия мен Бразилия өз Астаналарын ауыстыру туралы шешім қабылдада, жаңа ХХІ ғасырда тек тәуелсіз Қазақстан ғана осындай тарихи батыл қадамға бел буған. Биыл Астананың 20 жылдығы мерейтойына облыстан сый ретінде зымыран ғарыштық техникасы музейінің ашық экспозициясының

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Сапар барысында депутаттар Бірғаным Сарықызы мен Мұрат Бақтиярұлы «Сыр Балажаны» балабақшасының жұмыс барысымен танысты. 2014 жылы ел игілігіне берілген 100 балаға арналған екі қабатты ғимараттың ауласында ойын, спорт алаңдары бар. Құрылтайшысы – Бақыт Әбубәкірова. «Байқоңыр» ӘЖК ҰҚ АҚ бағдарламасы шеңберінде бірігіп ашылған нысанда қазіргі кезде 27 адам еңбек етеді. Үш тілде білім беретін ұйымда сабақтар негізінен орыс тілінде жүргізіліп, оқу процесіне ноутбуктер қолданылады. Аталған ноутбуктерді ата-аналар өз қаржысы есебінен алған, балабақша меңгерушісі Наталья Мишукованың айтуынша, 2019 жылдан бастап әр балаға жеке планшет алу жоспарланыпты.

Мұнан бөлек депутаттар Серік Бектурғанов, Сергей Ершов, Бақытжан Жұмағұлов, Динар Нөкетәева, Нариман Төреғалиев «Жеті қазына», «Сыр еркесі», «Бегім ана» балабақшаларына арнайы барды.

Комитет мүшесі Мұрат Бақтиярұлы сапардың негізгі мақсаты өңір тәжірибесімен танысу, осы салада қабылданған заңдардың деңгейін, қандай өзгерістер қажеттігін анықтау екенін жеткізді. Ескере кетер жайт, облыстағы кәсіпкерлер республикада алғашқы болып білім беру саласындағы нысандарды мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында салуды қолға алған. Бүгінде, аймақта аталған механизм шеңберінде бой көтерген ғимараттар саны артып келеді.

Сыр өңіріне сапары барысында ҚР Парламенті Сенатының депутаттары мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде ашылған 400 орындық ем-хана жұмысымен танысты. Байқағанымыздай, клиника соңғы шыққан, мүмкіндігі кең медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Шамамен 46 мың тұрғынға қызмет ұсынып отыр.

Ғимаратта балалар мен ересектерге арналған бөлімдер, функционалды диагностикалық бөлім, зертхана, 10 төсектік күндізгі стационар және қосалқы бөлмелер бар. Нысан «Alexey Sultan Akhmed» ЖШС жеке инвестор және кепілдендірілген тегін медициналық көмекке тапсырыс аясында бюджет қаржысы есебінен салынған.

– Медициналық көмектің сапасына

1-бет



тікелей қатысты мәселелер медициналық мекемелердің материалдық-техникалық жағдайына байланысты. Облыс казнынасынан бұл салаға бөлінетін қаржы айтарлықтай өсті. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке де ерекше көңіл бөлінуде. Облыста Елбасының «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында денсаулық сақтау саласында ақпараттық жүйелерді біріктіру, мобильдік цифрлық қосымшаларды қолдану, электрондық денсаулық паспорттың енгізу, «қағаз қолданбайтын ауруханаға» көшу арқылы медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру бойынша бірқатар бастама қолға алынды, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әлназарова.

Басқарма басшысы 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында да жүйелі жұмыстар атқарылып жатқанына тоқталды. Бағдарламаның негізгі индикаторлық көрсеткіші – өмір сүру ұзақтығы. Соңғы 3 жылда өмір сүрудің күтілетін ұзақтығы 71,06-ға дейін тұрақты жоғарылаған көрінеді.

Келесі кезекте халық қалаулылары Қазақ гуманитарлық-заң және техникалық колледжінде болды. Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа алған білім ордасының бүгінге дейін жеткен жетістігі көп. Мұнда өткізілетін түрлі шаралар студенттердің ойын ұштап, талабына жол ашады. Атаулы мерекелерді былай қойғанда, колледжде драма, өлкетану, қолөнершілер

үйірмелері тұрақты жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ, білім ордасында тігін өндірісі және киімдерді модельдеу ісіне де қанығуға мүмкіндік бар екен. Колледж ұжымының білім беруге қойылатын жаңа талаптар тұрғысынан көрінуге күш салып отырғаны байқалып тұр. Сондықтан оны әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге батыл бетбұрыс жасаған оқу орны деп айтуға толық негіз бар.

Депутаттар Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушыларымен, студент-жастарымен де жүздесті. Сонымен қатар қала орталығындағы «Тарлан» фитнес орталығының жұмысымен танысты. Нысандарды аралау барысында сенатор Бірғаным Әйтимова «Біз мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде салынған бірқатар балабақшалардың, нысандардың жұмысымен таныстық. Әріптестермен бірге Қызылорда облысындағы бұл тәжірибені үздік үлгі ретінде республика бойынша енгізу керек деп ойлаймыз» деген пікір білдірді.

Расында, әлеуметке пайдалы әріптестік мемлекет пен бизнестің өзара ынтымақтастығын арттырып, қажетті инфрақұрылымдарды жаңғыртуға мүмкіндік беруде. Осының негізінде шаһарда жарқын жобаларға дем берілген. Олардың дені балабақша, емхана, спорт кешендері сынды әлеуметтік нысандар құрылысы болып отыр.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы».

Суретті түсірген: **Н.НҰРЖАУБАЙ.**

ЖАСТАРҒА ЖАЙЛЫ ЖАТАҚХАНА

Елбасы өзінің 5 әлеуметтік бастамасында еліміз үшін маңызды мәселелерді айқындап берген болатын. Оның ішінде әлемдік стандарттарға сай білім беру жүйесін қалыптастыруа отырып, студенттердің білім алуына және тұратын жеріне жағдай жасауға тиісті назар аударуымыз қажеттігін айтып өткен еді. Осыған орай қазір жүйелі жұмыс жасалуда. Оның жай жапқары облыс әкімінің орынбасары Евгений Кимнің төрағалығымен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде орта білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру мәселесі бойынша өткен басқосуда айтылды. Оған еліміздің өзге өңірлерінің білім басқармасының басшылары мен орынбасарлары, жергілікті мектеп және колледж директорлары қатысты.

Жиынды ашқан Е.Ким өңірде МЖӘ аясында атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырды. Оның айтуынша, бүгінгі күні аймақта 34 млрд теңге көлеміндегі 75 жоба жүзеге асырылады. Оның 10-ы білім саласын қамтиды.

– Қазіргі сәтте сол жағалауда қарқынды құрылыс жұмыстары жүруде. 26 көпқабатты тұрғын үй, 320 орынды балабақша мен «Болашақ» университетінің кампусы және жастар орталығы бой көтеруде. Бұған үлкен құрылыс компаниялары мен инвесторлар ерекше қызығушылық танытты. Сонымен бірге қазір МЖӘ негізінде 200 орынды екі жатақхананың жобасы жүзеге асырылуда. Десе де, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы барысында туындайтын мәселелер де жоқ емес. Мәселен, осыдан үш жыл бұрын апатты жағдайдағы 13 мектепті қайта салу жоспарланған. Бірақ байқауға ешқандай инвестор

қызығушылық танытпады. Әлеуметтік жобаның инвесторлық тартымдылығы болмағандықтан, бұл бірнеше жылға созылып бюджетке шығын әкелетін болды. Осыған байланысты мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаларынан бас тартуға шешім қабылданды. Дегенмен, мектеп, балабақша, колледж салуда әріптестік оң тиімділігін береді, – деді ол.

Мұнан кейін сөз алған «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Талғат Матаев елімізде МЖӘ бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға, шілде айында білім заңына енгізілген өзгерістерге тоқталса, орталықтың атқарушы директоры Талғат Тұрсынбаев мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулар мен мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің тиімділігін сөз етті.

– Өздеріңіз білетіндей, Елбасы үндеуінің үшінші бастамасында 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жаңа жатақхана салу тапсырмасы алға қойылды. «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ құрылыс жұмыстарын жүргізіп қоймай, бұрынғы жатақханаларды қайта жаңғырту жұмыстарын жасау әдісін ұсынып отыр. Бұл мемлекеттік әріптестік де, кәсіпкер үшін де тиімді болмақ. Себебі, кәсіпкер қолданыста тұрған немесе салған ғимараттар жатақхана ретінде бере алады. Оған мемлекет тарапынан қолдау бар. Яғни, мемлекеттік тапсырыс арқылы жаңа құрылыстың әр жатын орнына 122 айлық есеп көрсеткіш, модернизация, қайта құруға 47 айлық есеп көрсеткіш көлемінде қаржы төлейді. Оған қоса, ол жатақхана қарапайым болмауы тиіс. Студенттер үшін қолайлы,

қажеттіліктерін өтейтіндей болуы қажет, – деді Т.Тұрсынбаев.

Ал, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Жасұлан Шынтасов өңірде студенттерді жатақханамен қамтуда тиісті шаралардың атқарылып жатқандығын жеткізді. Қызылордада 16 мемлекеттік колледж болса, оның 5-де жатақхана қарастырылмаған. Біреуіне жатақхана салу қажеттілігі туындап отыр.

Жин барысында «Қаржы орталығы» АҚ департамент директоры А.Қабыланова орта білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру туралы ақпарат берді. Нормативтік қаржыландыру жағдайында білім беру ұйымының ұйымдастырушылық және қаржылық мәселелерін басқарудың тиімділігі артып, білім беру процесінің нәтижелілігі жоғарылайды. Орта білім беруді жан басына нормативтік қаржыландырудың мәні білім беру процесіне шығыстарды республикалық деңгейде орталықтандыруға және қаражатты бір жылда бір оқушыға есептеп бөлуге негізделеді. Бөлінетін қаражаттың көлемі оқушылар санына байланысты.

Басқосуда қатысушылар тарапынан түрлі сұрақтар қойылып, жан-жақты талқыланды. Шара соңында «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ мен еліміздегі білім басқармаларының арасында әріптестік меморандумына қол қойылды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы».

ЖАУАПТЫ МАУСЫМ ЖАҚЫН ҚАЛДЫ

Облыс орталығында жылу маусымына дайындық жұмыстары жүйелі жүргізіліп келеді. Қаланы «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК мен 16 дербес модульдық қазандық жылумен қамтамасыз ететін болады. Алдағы жылу маусымына резервінде 4274 тонна мазут, 150 тонна дизель отыны бар. Жалпы қала бойынша магистральдық, ауданаралық және ауданішілік жылу жүйелерінің ұзындығы 186,8 шақырымды құрайды, бұл жүйелерге 694 көпқабатты тұрғын үй, бюджет есебінен қаржыландырылатын 198 мекеме, 151 жеке кәсіпкерлік нысан мен 323 жеке тұрғын үй қосылған. 2018 жылы «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында Ұлттық қордан бөлінген 3,7 млрд теңгеге 21 жоба бойынша ұзындығы 24,4 шақырымды құрайтын

1-бет

магистральді және кварталаралық ауыз су, кәріз су жүйелері, жылу желілеріне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Биылғы жоспар бойынша 17,4 шақырым ауыз су, кәріз су жүйелері, 7 шақырым жылу жүйелері және №2 насостық жылу станциясы қайта жаңғыртудан өтуде. Бүгінгі таңда ауыз су, кәріз су жүйелерінің 79 %, жылу жүйелерінің 69 % жұмыстары орындалып отыр. Зерттеу нәтижесінде өкірелеріндегі жүйелердің тозығы жеткен 16 көпқабатты тұрғын үй анықталды. Осы ақаулар жылу маусымына дейін қалпына келтірілетін болады. Қазіргі таңда басқару органдары арқылы тұрғындармен бірлесіп тиісті жұмыстар жүргізілуде. Білім және мәдениет нысандарын, сұйық отынмен қамтамасыз етуге 84 млн, қатты отынмен қамтамасыз етуге 4,5 млн теңге бөлінген.

Жылу беру маусымы кезеңінде Қызылорда қаласына қажет етілетін қатты отын көлемі шамамен 43 мың тоннаны құрайды. Қаланы қатты отын қорымен қамтамасыз ету бойынша 5 тасымалдаушы мекеме жұмыс жасап отыр. «Қызылорда жылу электр орталығы» кәсіпорнының «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ алдындағы қарызы толық өтеледі.

Алдағы жылу беру маусымына ҚЖЭО-да 4,6 мың тонна нормативті отын қоры жасақталған.

Жалпы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары тұрақты бақылауда және ол жоспарға сәйкес 1 қазанға дейін толық аяқталуы тиіс.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы».

Сырдария ауданы Ақжарма ауылында жаңа амбулатория қолданысқа берілді. Енді ауылдағы ағайын аудан орталығына бармай-ақ, елдімекенде ем-дом қабылдай алады. Медициналық нысанда қажетті құрал-жабдықтардың барлығы бар.

Жаңа нысанның ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов денсаулық сақтау мекемесінің мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында бой көтергенін атап өтті.

АҚЖАРМАДА АМБУЛАТОРИЯ АШЫЛДЫ

– Әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатында қабылдаған бағдарламаға сәйкес бүгінде елімізде көптеген жұмыстар атқарылуда. Оның ішінде ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсарту мақсатында жаңа нысандар салынып, халық игілігі үшін пайдалануға беріліп отыр. Бүгін Ақжарма ауылында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында бой көтерген жаңа дәрігерлік амбулатория құрылысы аяқталды. Ауыл тұрғындары жоғары сапалы медициналық көмекті осы дәрігерлік амбулаториядан алатын болады. Жаңа нысан құтты болсын! – деді облыс әкімінің орынбасары.

Шарада денсаулық сақтау саласының ардагерлері А.Тоғызбаев пен Р.Есмахан, тұрғындар денсаулығын нығайту бағытында жаңа медициналық ғи-

мараттың салынуына қолдау көрсеткен атқарушы билік өкілдеріне алғыстарын айтты. Алдағы уақытта денсаулық сақтау саласының мамандары жемісті жұмыс жасайтынына сенім білдірді.

Өз кезегінде аудан әкімі Ғ.Қазантаев соңғы бес жылда аудан бойынша көптеген жаңа нысандар салынып, қолданысқа берілгенін жеткізді.

– Сырдария ауданында бірнеше жыл қатарынан жаңа ғимараттар бой көтеруде. Аудандық бюджет есебінен де әлеуметтік нысандар салынды. Бір ғана Ақжарма ауылында биылдың өзінде жаңадан спорттық сауықтыру кешені мен дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Бұл – Елбасы саясатының жемісі, Тәуелсіздігіміздің арқасында келген денсаулығын нығайту бағытында жаңа медициналық ғи-

маттардың салынуына қолдау көрсеткен атқарушы билік өкілдеріне алғыстарын айтты. Алдағы уақытта денсаулық сақтау саласының мамандары жемісті жұмыс жасайтынына сенім білдірді.

Осы күні Тереңбек кентінде волейболдан жасөспірімдер арасындағы халықаралық турнирдің жалауы көтерілді.

Биыл 20 мәрте ұйымдастырылған турнирге Өзбекстаннан және еліміздің облыстарынан 20 команда, 317 спортшы қатысуда.

Жарыстың ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов, Сырдария ауданының Құрметті азаматы А.Бақтырнова спортшыларға сәттілік тіледі.

Жарыс ересіне сәйкес, командалар төрт топқа бөлініп ойнауда. Турнирдің ақтық ойындары бүгін өтеді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ, «Сыр бойы».
Сырдария ауданы.



ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында қоғам өмірінің барлық саласы бойынша он міндетті нақтылап берді.

Жаңа ғасыр басында төрткүл дүние табиғи қазба байлықтардың сарқыла бастағанын сезді. Мұнай қорының өзі еселеп кеміді. Әлем бойынша өзге де қорлар сарқылып келеді. Бұл – табиғи заңдылық. Демек, адамзат баласы тұтыну тауарларының барлық түрін ауыстыра алатын жаңа көздер іздей бастайды. «ЭКСПО-2017» дүниежүзілік көрмесінде «таза» баламалы энергия мәселесінің қозғалуы – соның жарқын мысалының бірі. Елбасының ішкі мерзімді стратегиялық жоспарларын ұсыну себебін осыдан іздеуіміз керек.

Облыс аумағында «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесінде ұсынылған 7 технологияны енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Соның ішінде:

– атом өнеркәсібі - 4 технология («Қызылқұм» ЖШС, «РҮ-6» ЖШС, «Байкен-U» ЖШС, «Семізбай-U» ЖШС);

– экология саласында - 2 технология («Барсакелмес» қорығы, орман шаруашылығы);

– тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында - 1 технология (КРЭК).

Қазіргі таңда Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі австриялық «СаниВак» (SunnyVAG) компаниясының пилоттық жоба ретінде Күн сәулесімен қуаттанатын рюкзактарының – 1 данасын (1 данасы 23,4 мың теңге) сатып алып, қызмет барысында пайдалануда. Сонымен қатар, «Барсакелмес» қорығы жануарлардың жүрген жерлерін анықтайтын Англияда шығарылған электронды қарғыбауларды сатып алуды жоспарлап отыр. Осыған орай, Ауыл шаруашылығы министрілігінің «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» тарапынан республикалық бюджеттен 20 қарғыбау сатып алу үшін ҚР Қаржы министрілігіне 2019 жылға тиісті бюджеттік тапсырыс берілді.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» «Смард Грид» таза өндіріс технологиясын енгізу мақсатында «Siemens» өкілдігімен 2018 жылдың ақпан айында меморандумға отырды.

Атап өту қажет, жобаны қаржыландыруды Еуразия Даму Банкі арқылы жүргізілу жоспарланған. Осыған орай, техникалық тапсырма әзірленуде

(аяқталу мерзімі - ұ.ж. қазан айы). Техникалық тапсырма әзірленгеннен кейін, тендерлік процесстер басталады. Сонымен қатар, атом өнеркәсібі саласында финдық «Энергия үнемдеу жүйесі» жобасын жүзеге асыру мақсатында 2017 жылдың 7 желтоқсанда «РҮ-6» ЖШС мен алатылық «Дельта ЭНГ» (Delta Eng) компаниясы арасында меморандумға қол қойылды.

Бүгінгі күні «Дельта ЭНГ» компаниясы аталған технологияны Қазақстанда қолдану үшін рұқсат-патент алу процесстерін жүргізуде. Сондай-ақ, «Байкен-U» ЖШС финдық «Есепте» компаниясының «Ағынды суларды кешенді тазалау» технологиясын енгізу мақсатында егжей-тегжейлі талдау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде бұл технологияның экономикалық тұрғыдан тиімсіз болуына байланысты енгізуден бас тартты.

«Хорасан» серіктестігі финдық «ПоларСол» (PolarSol) компаниясының «Жылуды интеллектуалды басқару жүйесі» технологиясын сатып алу үшін тиісті келісім жобасы әзірленді. Қазір келісім жобасы екі жақ тараптан қарастырылып жатыр. Мұнан өзге, «Семізбай-U» серіктестігі Гелиоколлекторларды қолданатын гелиоқазандықтарды сатып алып, Иркөл мен Семізбай кеніштерінде қолдануды жоспарлап отыр. Гелиоқазандықтардың құрылысын жүргізу үшін жоба смета «ИВТ» серіктестігімен келісімге қол қойылды.

Облыс бойынша мұнай көлемінің азаюына қарамастан, әртараптандыруды қолға алу нәтижесінде өңдеу өнеркәсібінде өсім 2014 жылдан бері сақталып келеді. Сыр жұртылығын елеңдеткен жағымды жаңалық шыны зауытының құрылысы да

аяқталуға жақындады. Сондай-ақ, кальцийлендірілген сода мен қорғасын-мырыш өндірістерінің құрылысы қолға алына, тампонажды цемент және шыны зауыттары іске қосылмақ. Балық өңдеуде де жаңа технологиялар қолданылады.

Жаңа инновациялық технологияларды елге әкелу мен тәжірибе алмасу мақсатында жыл басынан бері 16 роуд-шоу ұйымдастырылды. Соның негізінде аймақта шет елдерге 7 сапар ұйымдастырылып, біздің облысқа 9 мәрте шетелдік өкілдер келді.

Жолдауда жүктелген міндеттерді орындау бағытында ІІІ халықаралық интернет-форум өтті. Оған Ресей, Қытай, Беларусь, Татарстан елдерінің білікті сарапшылары қатысып, өз ой-тәжірибелерін ортаға салды.

Атқарылған жұмыстар нәтижесінде 2018 жылдың 7 айының қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 106,2 млрд теңге болып, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 8,5%-ке өсті. Оның ішінде индустриялық жобаларды (шыны, цемент, балық өңдеу зауыттары) іске асыру нәтижесінде өңдеу өнеркәсібіне тартылған инвестиция көлемі 10,2 млрд теңге құрап, бұл көрсеткіш өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2,8 есеге ұлғайды.

Сыртқы инвестицияның көлемі 32,0 млрд теңге болса, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1,8 есеге өсті (2017 жылғы 7 айы – 17,2 млрд теңге). Осы жылдың қараша айында дәстүрге айналған Халықаралық Х «Байқоңыр-Инвест» инвестициялық форумын өткізу жоспарда тұр.

Елбасы Жолдауда «цифрлық дәуір» өнеркәсібін қалыптастыруға арналған индустрияландырудың үшінші бесжылдығын әзірлеуге кірісу керектігін баса атап өткені белгілі. Мұның алғышарттары бүгіннен жасалып жатыр. Мемлекеттік «Цифрлық Қазақстан» және «Smart city» тұжырымдамасы аясында үстіміздегі жылға жоспарланған 50 жобаның 37-сі іске асырылады. Оның құны 2,4 млрд теңгеге құрайды. Бұған қоса Қызылорда облысы «Ақылды бағыт» жобасы бойынша пилоттық аймақ ретінде таңдалып алынып отыр.

Ринат СҰЛТАНГЕРЕЕВ, облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы.

ТЕРЕҢӨЗЕГІМ – ТАЛ БЕСІГІМ

Кімге де болса өзінің туған жері, өсіп-өнген елі ыстық.

Менің туып-өскен, балалықтың бал қызығына тоймай, еркелеп жүріп ержеткен, туған жерім – Тереңөзек.

Тереңөзек дегенде жаным жадығрайды, көңіл түкпіріндегі сағыныш сезімі алаулайды, көз алдыма бақытты балғын күндер елестейді.

Шіліңгір шілдеде достарыммен бірге Май-жарма, Әйтек каналдарына, Қалғандария, Сыр-дарияға барып, суға шомылатын едік. Аспан айналып жерге түсердей ыстықта салқын су денемізді ширатып, бойымызды сергітіп, рахатқа бөлейтін. Бір-бірімізбен жарыса жүзетінбіз.

Қарнымыз ашса, қалың тоғайдың арасына барып, жабайы жидек ағашынан мәуе теріп жейміз.

Балалықтың нағыз балдәурен күндері сол еді...

Тереңөзекте, туған жерімдегі қыстың өзіндік қызығы, ұмытылмас әсері, өз ерекшелігі бар. Топ болып, хоккей ойнаймыз. Ол кезде мұз алаңы қайдан болсын. Баяғы «қауынсклад» жақтағы қатып қалған смоланың үстінде шай-ба қуалаймыз. Хоккей таяғын (клошканы) ағаштан жасап аламыз. Қазіргідей баршылық заман емес, коньки ол кезде тапшы. Конькидің темір табанын пимаға байлап, оны кендір жіппен, ағаштың көмегімен бұра тартып тастаймыз. Әйтеуір, тапқырлығымызда шек жоқ.

Жаз келсе – футбол. Әйтеуір, доп болса болды. Темір немесе ағаш қақпа деген ол кезде бізге арман болатын. Өйткені, зауыттан шыққан спорттық инвентарь жоқтың қасы. Сондықтан кез келген тақыр жерге екі тасты немесе кірпіш қойып, қақпа жасап аламыз. Түн жарымға дейін бір-бірімізге «пас, пас!» деп, ақ тер, көк тер болып жүргеніміз. Содан сілеміз қатып, үйге қайтамыз.

Тағы бір ермегіміз – волейбол. Одан қалса, асық атамыз, ләңгі тебеміз.

Қазіргі жастар біле қоймас, «екі есек» деген ойын болушы еді. Сол ойындардың қызығына тоймаушы едік.

Көктем түсісімен бақшада ағаш егу, гүл өсіру деген басталады. Оған құнарлы көң (чернозём) керек. Оны іздеп, тағы тоғайға тартамыз. Бір жағынан, үй шаруашылығына көмек болса,



екінші жағынан бізге ойын-күлкі, серуен.

Алаңсыз, қайран балалық шақ.

Сол кезді қазіргі уақытпен салыстырсақ, бүгінгі жастардың ақыл-санасы да, жүріс-тұрысы да, ұмтылысы да бөлек. Несін жасырамыз, біздің уақытта жастар арасында ішімдік ішу, шылым шегу, көше аралап, төбелесу, бұзақылық жасау «мода» болатын. Соның кесірінен талай жеткіншек сотты болып, тағдырлары тәлкекке ұшырады.

Қазір мүлдем басқа жағдай. ХХІ ғасыр жастары білімге, жаңашылдыққа, бәсекеге құмар. Бесіктегі баладан бастап, бой жеткен қыз бен ер жеткен ұлдың қолынан көретініміз – компьютер немесе смартфон. Жақсы білім алсам, мықты маман болсам, өліме пайдамды тигізсем дейді. Заманына қарай адамы деген сол шығар... Содан есейе түстік. Жазғы демалыста

маңдай терімізді төгіп, ақша таптық.

Қауын-қарбыз салып қоятын ағаштан жәшік жасадық. Алғашқы кезде бір жәшікті бізден 10 тиынға алатын. Кейіннен бағасы еселеніп, 20 тиын болды. Отбасымызға да көмек, өзімізге де түрлі тәттілерді алып жеудің амалы.

Балалық шағымыздың ажырамас бөлігі – орталық саябақтағы кинотеатр (қазір жоқ). Сәні, жексенбі күндері үнді фильмдері көрсетіледі. Сол киноларды асыға күтетінбіз. Махаббат пен зұлымдық, достық пен қастық, жақсылық пен жамандық арасындағы күрес бізді ерекше баурап алатын. Қандай жаңа фильм шығады екен деп, афишаны аңдып жүреміз. Кино болатын күн бір той сияқты. Экраннан көзімізді алмай, демалмай отырып көреміз. Кино біткенде, жанарымыз жасқа толып, жылап шығамыз.

Тереңөзек – ел басқара білген мықты кадрлардың, басқаларға үлгі-өнеге болған абзал азаматтардың мекені. Сол үлкендерден тәлім алдық. Жақсыны үйренуге, жаманнан жіренуге тырыстық.

Аяулы ұстаздар, ардақты апалар, еңбекқор ағалар шағын ауылымыздың мақтанышы еді. Қонысбек Қазантаев, Елеу Көшербаев, Әсербай Айкөпешов, Ізхан Досмағанбетов, Нәлқожа Ерғешбаев, Жолдасбек Ерлешбаев, Жорабек Сарбалақов, Алмағұл Божанова, Дина Айсина, Әзбекбай Досмұхамбетов, Сейілбек Шаухаманов, Нұрпейіс Сағиев, Досмайыл Бекішев, Ыбырай Сейіпұлов, тағы басқалары әрдайым есімде.

Мұғалімдерім – Надежда Киселева, Дашковский, Шарбану Мусабекқызы, Бақыт Карбозқызы, директорымыз Дина Садуақасқызы, ішкі істер бөлімінің бастығы Нұрғали Сыздықов, аудан прокуроры Қалқоз Алданазаров, Қыстаубай Бердалиев.

Бұл кісілер бізге қол жетпес таудай болып көрінетін. Соларға қарап бой түзедік. Солардай адал еңбек етуді ойладық. Мықты, үлгілі, білімді азамат болуды арман еттік. Асыл арман алға жетеледі.

Тереңөзек – тал бесігім. Тәрбие, тәлім алған алтын ұям. Өсіп-өнген қара шаңырағым.

Туған жердің құдіреті де өзгеше ғой. Қиналғанда демейді, қамыққанда жебейді, еңбегімізді елейді.

Тереңөзектен небір іскер басшылар, білікті мамандар, қарымды қайраткерлер, дарынды спортшылар шықты. Көрнекті мәдениет, әдебиет және өнер тарландары қаншама!



Көбісі адал еңбек, маңдай тер, еңбекқорлық, тәжірибенің арқасында ауданнан асып, еліміздің мақтанышына айналды.

Тереңөзек – бүгінде әлеуеті зор, экономикасы дамыған, шаруашылығы алға озған Сырдария ауданының орталығы. Ауданның тоқсан жылдық мерейтойы елордамыз Астананың жиырма жылдық мерейтойымен орайлас келуінің символдық мәні бар.

Тамырын тереңге жайған Тереңөзек одан әрі өсіп-өркендей берсін дегім келеді. Ауданның абыройын артып, халқының әл-ауқаты жақсара берсін.

Елбасы айтқандай, «Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады».

Туған жерін қастерлей білген терең-өзектіктер біртұтас елімізді көздің қарашығындай қорғайды, ұлан-ғайыр жерімізді қадірлейді, Тәуелсіздіктің тұғырлы, мемлекетіміздің ғұмырлы болуына зор үлестерін қосады деп сенемін.

Құрметпен,
Жақып АСАНОВ.



Бекарыс НҰРИМАН, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың PhD докторанты:

«ҰЛТТЫҚ МҰРАҒА ЕРКІН ҚАЗАҚТЫҢ КӨЗІМЕН ҚАРАУЫМЫЗ ҚАЖЕТ»

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына орай елімізде жүйелі жұмыстар жүзеге асып жатыр. Бастауын есте жоқ ескі замандардан алатын құнды мұраларды еркін ел тұрғысынан тану, қолдағы бар құндылықтарды бағамдау барысындағы бастамалар жеміссіз де емес. Осы тұрғыда толымды еңбек етіп жүрген жастардың бірі Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ PhD докторанты, ақын Бекарыс Нұриман. Қауырт істен қолы қалт еткенде туған топырағына келген жас ғалыммен аз-кем тілдесудің де сәті түсті.

– Бекарыс, қазір қоғамда бір рухани серпіліс бар.

Оған негіз салған Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында біраз шаруаның басы қайырылды. Бағдарлама аясында жоспарланған шаралардан бөлек күллі елдің ортақ қазынасына айналған мұраларға жаңаша көзқараспен қарау бағытындағы бастамалар да байқалады. Соның бірі – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» трактатын жаңаша тануға талпыныс.

Елбасының бұл мақаласы біздің еліміздің жаңабіртарихи кезеңгеаяқбасқаныныңайғағы. Өйткені, кез келген қоғамды жаңартатын құбылыс саяси һәм экономикалық реформалардан бұрын елдің рухани жаңғыруы, сананың өзгеруі болмақ. Сондықтан да бұл бастаманың мемлекеттің игілігіне айналуына әрбір отандасымыз өз үлесін қосуы керек. Отандық ғалымдар осы бағытта қал-қадерініше еңбек етіп келеді.

Жалпы, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының бүгінгі күнге дейін сақталған үш нұсқасы бар.

Біріншісі, Вена нұсқасы. Он бесінші ғасырда Герат шаһарында көшірілген бұл қолжазба қазір Венаның корольдік кітапханасында тұр. Ал Каир нұсқасын 1896 жылы неміс ғалымы Б.Мориц тапқан. Үшінші нұсқа Өзбекстанда тұр. Ол 1913 жылы табылған және дастанның ең толық саналатын бұл нұсқасы бүгінде сол елдегі Ғылым академиясының қорында.

Дастанды қазақшаға 1986 жылы аударған белгілі ғалым Асқар Егеубаев оған «Құтты білік» деген атау берген. Осы тарапта біраз тер төккен тағы бір түркітанушы ғалым Әбжан Құрышжанұлы оны «Құт әкелуші білім» деп атайды. Ал осы бағыттағы ізденісті өз елімізде бастап, Түркияда жалғастырылғандағы көз жеткізіміз – дастанның атауы «Құтты білік» болуы керек. Өйткені, Қарахан мемлекеті тұсында 1069 жылы жазылып, Тағаш Бұрға ханға сыйға тартылған трактаттың он бойында ел басқару заңдылықтары, білік мәдениеті,

мемлекеттің қызмет талаптары туралы жазылды.

– Сонда құнды қазынаның атауы осы уақытқа дейін неге анықталмады? Бұл зерттеушілер тарапынан кеткен қателік пе?

– Бұл жерде мәселе зерттеушілерде емес, кеңестік идеологияда болып тұр деп ойлаймын. Мысалы, «Құтты білік» дастаны жөнінде тұңғыш рет баспасөз бетінде хабар беріп, оның нұсқасының бір бөлігін 1825 жылы «Азия» журналында бастырып шығарған ғалым, француз Жауберт Амадей болатын. Ол трактатқа «білік туралы ғылым» деп нақты анықтама берген. Осы бағытта зерттеу жасаған В.Радлов, А.Кононов, А.Валитова, С.Малов секілді ғалымдар кітап атауын «білім» және «білікпен» байланыстырып, 2-3 нұсқадан ұсынды. Оның бәрінде трактатты білікке, мемлекетті басқару саясатына қатысты деген ой бар. Осындай нұсқалар айтыла тұра ғалымдар шешуші кезеңде «Благодатное знание» деген тұжырымға ат байлайды. Бұл жерде «білік» деген сөзден барынша қашқан Кеңес үкіметі саясатының салқыны сезіліп тұр. Оның үстіне еуропacentристiк көзқарастағы ғалымдардың қолайына өздері бұратана, қараңғы, көшпенді санайтын халықтың он ғасыр бұрын білік мәдениеті туралы трактат жазып, оны жүзеге асырғаны аса жаға қоймаса керек. Осыдан келіп, кітаптың мазмұны бұрмаланып, оны білім туралы философиялық еңбек деп санайтындар қатары арта түскен. Бүгінде ол тұжырымның қате екені анықталды деуге болады. Орыс ғалымдарының өзі де мойындаған. Мысалы, американдық ғалым Роберт Дан-кофф дастан жайлы «қасиетті патшалықтың даналығы» деген байлам жасаған. Түркиялық ғалымдардың басым көпшілігі білік туралы кітап екенін дәлелдеуде.

Тақырыпты тереңірек зерттеу үшін «Құтты білікті» түпнұсқадан оқып, бес тілдегі аудармаларымен салыстыра жұмыс жасадық. Сонда байқағанымыз, бізде еңбекті толық оқығандар

санаулы ғана екен. Көпшілігі басы мен аяғын шолып өтіп, бұрынғы байламды бекіте бергенге ұқсайды. Әсіресе, осы «білім жайлы» деген тұжырымға таскенеше жабысып жүрген қазақ пен қырғыз. Өзге тілдегі ойларда дастанның мемлекеттік билік саясаты жайлы еңбек екені там-тұмпад болса да айтылады.

– Қазір өзің жасап отырған тұжырым жайлы ғылыми орта не айтады?

– Жалпы әлем әдебиетінде мемлекеттік билік жанры деген бар. Ол араб, парсы әлемі мен Түркияда «Саластнама» жанры деп аталады. Көне гректерде ерте заманнан кездеседі. Қайта өрлеу дәуірінің көрнекті өкілі, итальяндық Макиавеллидің «Мемлекеттік басқару туралы екі трактаты» да осы қатарда тұр. Бізде де оның ізі бар. Мысалы, осы «Құтты білік», ежелгі ұзандар дәстүрі, оның заңды жалғасы саналатын жырғаулар әдебиеті осы жанр белгісі. Қас қылғанда, орыс әдебиетінде мұндай жанр атымен жоқ болып шықты. Содан келді де белден басып отырып, біздегі білік туралы жанрды таныммыздан сызды да тастады. Енді ол олқылықты түзейтін кез жетті. Жалпы бұл жанр өткеніңді танытып, бай тарихыңды білдіреді. Сондықтан да мен бізде де мемлекеттік билік жанры болу керек деген ұсыныс айтып отырмын. Бір қуанарлығы, ол ұсынысқа келісіп отырғандар қатары көп.

– Келіспейтіндер де бар шығар?

– Әрине, бұрынғы ұстанымды малданып жүргендер де бар. Жалпы, ақиқат талас-тан тумаы ма?! Өз бетіміше төте және ескіше жазуды үйреніп, Қарахандар дәуірі жазба мұраларының 3 жыл түпнұсқасымен жұмыс істедім ғой. Сонда көзім жеткені – кеңестік перде әлі де көп нәрсені көлегейлеп тұр екен. Мысалы, дастанда «данышпандар осыны жазып кетпегенде, мен осыныша білімді қайдан білер едім...» деген мазмұн беретін жолдар бар. Енді қараңыз, ХІ ғасыр бұрын жазылған жыр түп-негізін өзіне дейінгі мыңжылдықтардан алып отыр. Бұл «Қазақта, жалпы түркітілдес елдерде мәдениет болмаған, олардың көзін ашқан еуропалықтар» деген түсінікті теріске шығарып тұрған жоқ па?!

– Бұл бір жағынан «Дастан идеясының өзі утопияға жақын екен...» дегендерге берілген жауап сияқты...

– Жөн айтасыз. Мысалы, дастандағы Еліг (қазіргіше айтқанда, Елбасы, Прези-

дент), Ұлық Хажып (Бас уәзір, Премьер-министр), уәзірлер (министрлер), беклер (облыс, қала, аудан әкімдері), субашы (Әскербасы), қапык башлар ер (сарай әмірі, Президент Әкімшілігінің жетекшісі), иалвачлар немесе елшілер (Сыртқы істер министрлігі, елшілер), бітікші, ылымға (хатшы, жылнамашы, Кеңес қызметкерлері), ағыкы (қазынашы, қаржы және экономика министрі) деген қызметтер Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік» атты еңбегінде және басқа да деректерде қайталанады. Егер «Құтты билік» идеясы утопия болса, ол кейінгі еңбектерде кездеспес еді ғой.

Мынадай да қызық бар. «Құтты билікте» иүгіріш атты кезімде түрі кездеседі және бұл дәрежені иеленген жанның әрдайым қағанның қасында жүретінін, одан бір дәреже төмен екені айтылады. Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік» еңбегінде бұған «қарапайым халық арасынан шығып, қағанның бас уәзірі дәрежесіне көтерілген кісіге берілетін лауазым» деп анықтама беріледі. Яғни, ханның бүкіл шаруасын тындырып жүретін адам. Оған жібектен отау тиесілі болған, ең бастысы – бұл лауазым сырттан келген тайпаларға бұйырмаған, оған тек түркілер тағайындалып отырған. Осыдан келіп «Түркімен төрін бермес» деген мәтелдің мән-мағынасы айқындала түседі. Біз қазір бұл сөзді түркімен жұртына қарата айтып жүрміз ғой, негізі оның шығуына ықпал еткен ежелгі бабаларымыз. Көне түріктерде төр – биліктің символы саналған. Біздің жасы үлкен, қадірлі, беделді кісілерге төр ұсынатынымыз содан калған дәстүр. Қазақ хандарының түгелге дерлігі шыққан төрелер атауы да осыдан туындап отыр. Бұл сөз түркі жұрты ешкімге бұйдысын ұстатпағанын, тізгінін бермеген, керісінше, жарты әлемге сөзін өткізген билеуші жұрт болғанын дәлелдейді.

Көне түркіден қалған мұраларда «жол» сөзіне «заң» деген анықтама береді. Осыдан кейін ұлы далада әділеттіліктің негізін қалаған, хандық дәуірдегі әдет пен ғұрып жиынтығы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» қайдан шыққанын бағамдай беріңіз.

– Жаңа «Ақиқат талас-тан туады» дедік ғой. Көне мұраларды өзің секілді бойлай зерттеп, батыл байлам жасай алатын жастар көп пе?

– Біле білсек, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бізге жасалып отырған үлкен мүмкіндік. Баяғыда мұраларымыз Мәскеу сызып берген жолмен зерттеліп, солардың ыңғайына сай тұжырым жасалды. Өйткені, оларға қоластындағы халықтың тарихын тануы, бай мәдениетін біліуі керек болған жоқ. Рухы күшейген халықтың ешқандай бұғауға көнбейтінін жақсы түсінді. Сондықтан да, елге ештеңе ойлатпауға тырысып бақты. Жалпы, ой жұмысына жегілген, ойлана білген, өз бетінше байлам жасаған адам қай қоғам үшін де қауіпті ғой. Осыдан келіп, Кеңес билігі қарапайым адамның тал бесіктен жер бесікке дейінгі жолын бір сызбаға салып қойды. Ең заманы, біз әлі күнге дейін осыны ансаймыз. Мен кейде «Үкімет қайда қарап отыр, маған билік мынаны неге жасап бермейді?» дейтіндерге таңғаламын. Қолың бос, басың орнында, миың толық. Ендеше, өз міндетіңді өзеге артқанша, өзің неге жасамайсың?

Ғылымда да баяғы бірізділіктен арылатын кез жетті. Оны жасай алатын жастар қай салада да өсіп, жетілді. Тек соларға сәл қолдау ғана қажет. Сол жастар қазіргі қоғамның көзін ашды. Сөзреті келгенде айта кетейін, мен, мысалы, Тұран жері, Туран ойпаты деген анықтамамен мүлдем келіспеймін. Өйткені, бұл ирандықтар ойлап тапқан атау. Парсының көне жазбаларында Иран жүйелі деген мағына береді де, Тұран керісінше жүйесіз, мемлекеттік құрылымы жоқ ел дегенге саяды.

Жаңа көне жазбалармен 3 жылға таяу жұмыс істедім дедім ғой. Сонда байқағаным – бұл мұраларда бізге баяғы көне түркі мәдениеті деп оқытып келгендердің ізін де таппайсыз. Ессесіне, осы уақытқа дейін белгісіз болып келген талай дерекке қанығасыз. Мысалы, «Құтты билікте» «Ұлға да, қызға да қатар білім бер» деген жолдар бар. Енді айтыңызшы, кімнің атасы сонау ХІ ғасырда білімді ойлап, онымен үл мен қыздың қатар қамтылуын қадағалапты?

Қарахандар дәуірі тұсында жазылған бір көне еңбекте «үтік» дегенді көзім шалды. Оған «киімнің қыртысын жазуға арналған құрал» деген анықтама берілген. Қызығушылығымыз оянып кетіп, жалма-жан интернетті қараймын, онда «Үтік ХVІІ ғасырларда Еуропада пайда болған» дегенді таптым. Сонда біздің бабаларымыз еуропалықтардан 5 ғасыр бұрын киімді үтіктеп кию мәдениетін игергені ғой...

Бұл жағынан Түркия біразымыздан озып тұр. Сол елден кезіндегі Алтын Орда хандарының Мәскеу князьдарына, еуропа билеушілеріне жазған хаттары, жарлықтары және бұйрықтары басылған кітап алып келдім. Әрине, өздерінің ата-бабасының түркінің бейнесін осындай кітаптарды мектептен бастап оқыту керек. Жалпы, ұлттық мұраларымызға еркін қазақтың көзімен қарасақ, әлі талай мәліметке, танымныңызыңы кеңейтетін тың деректерге қаныға түсеміз. Және бұған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бастамасы үлкен мүмкіндік жасап отыр.

– Өңгімеңе рахмет! Ғылым жолындағы бастамаларыңа табыс тілейміз.

Сұхбаттасқан Мұрат ЖЕТПІСБАЕВ,
«Сыр бойы».

2000 жылы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасына халық жазушысы, көрнекті ақын Ә.Тәжібаевтың есімі берілді. Ол сонымен бірге Қызылорда облысы кітапханаларының әдістемелік орталығы болып саналады. 2009 жылы қараша айында қазіргі заман талабына сай техникалық құрал-жабдықтармен жасақталған 400 мың дана кітап қорын сақтауға арналған жаңа ғимаратқа көшті. Сол уақытта Сыр еліне жұмыс сапарымен келген Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев осы рухани орталығында болды. «Мен осы кітапханаға арнайы келіп отырмын. Өйткені, еліміздің ертеңі білімді жастардың қолында, жас өрендеріміз болашақта білікті маман болып өркен жаюы керек» деді Елбасы осында болған кездесуде.

Бүгінде кітапхана 30870 оқырманға қызмет көрсетеді, кітап қоры 412472 дана. Мұнда кітапхана қызметін жетілдіру, қызмет көрсету аясын кеңейту, оқырмандардың ақпараттық сұраныстарына сәйкес қорды қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізіліп келеді. Оған облыстық кітапхана директорының орынбасары Бақытнұр Мырзахметовамен сөйлесу барысында көз жеткізді. Бақытнұр Тәңірбергеновқызы алғашқы кезекте ең кішкентай оқырмандарға арналған бөлімге бастады.

Бөлімде кішкентай оқырмандар үшін зал ұйымдастырылған. Балалар бөлімінің меңгерушісі Маржан Айгисинаның айтуынша, ең кішкентай оқырман 2 жаста. Әріп танымаса да, оларға ата-аналары осы жерде дауыстап кітап оқып береді, мультфильмдер көрсетеді, түрлі ойындарды ойнатады. Балаға кішкентай кезінен бастап бойына кітапқа деген құмарлығын оятады. Осы залда балаларға арналған көптеген шаралар ұйымдастырылады. Мұнда кітапты ашқан кезде беттерінің арасынан қолмен ұстауға келетін кейіпкерлер бейнесі шығатын кітаптар аз емес. Егер бұрын мұндай кітаптар тек орыс тілінде ғана болса, қазір қазақ тіліндегілер де молдайды. Мұндай ойын кітаптарының баланың ой-өрісін дамытуға әсері мол. «Жанұялық оқулар» шарасында балаларға өлеңдер мен әңгімелер және ертегілер оқып береді. Бөлім қаладағы оншақты балабақшамен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп келеді екен. Бүлдіршіндерді әр жолы бір ертегімен таныстырып отырады, ойындар, мультфильмдер көрсетеді. Сондай-ақ, девиантты мінез-құлықты, яғни қиын балалар тәрбиелейтін екі мектеппен де үзбей жұмыс жүргізіледі. Сол секілді мүмкіндігі шектеулі балалар да назардан тыс қалмаған. Осындай мектептердің балалары бұл жерде жиі болып тұрады, жүре алмайтындарына кітапханашылар өздері барады. Балабақшалар мен мектептерде библиодесант шаралары жиі өткізіледі. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай арнайы бағдарламалар ұйымдастырылған. Дарынды балаларға арналған бағдарламалар бар. Кітапханашылар осы шаралар аясында конкурстар өткізіп, үздік шыққан балаларды грамоталармен марапаттап, көтермелеп отырады.

Кітапхананың өнер бөлімінде сурет салу, мүсін жасау, фортепиано, домбыра үйірмелері және барельеф студиясы жұмыс істейді. Бөлім меңгерушісі Гүлжан Юсупова қатысушыларға жас ерекшеліктеріне байланысты шектеу қойылмайтынын жеткізді. Яғни, балалар да, үлкендер де қатыса береді. Зейнетке шыққаннан кейін домбыра үйренуге тілек білдірушілер аз емес екенін естіді. Үйірме жетекшісі Баян

Кітапхана – асырлар бойы адам баласына рухани байлық сыйлап келе жатқан, ғылым мен білімнің терең сырынан сусындатар мәдени орын. Сонымен бірге парасаттылық пен білімділіктің, байлық пен біліктіліктің киелі ордасы.

Сыр бойындағы кітапханалардың ең басты орталығы – Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы. Оның тарихы 19 асырдан бастау алады. 1867 жылы Перовск қаласында сауаттылар мен ауқаттылардың қаржысына Ақмешіт уезінің әскери халқы үшін уездік кітапхана болып ашылған. 1938 жылдан бастап Қызылорда облыс орталығы болғаннан кейін қалалық кітапхана облыстық кітапхана болып қайта құрылды және ол М.Горький есімімен аталды.



КІТАП - жан азығы, өмір қазығы



Әбуова қатысушылар салған суреттер мен барельефтен жасалған гүлдер мен ою өрнектер, моншақтардан тоқылған бисер секілді көптеген дүниелерді көрсетті. Бөлімде үйірме жетекшілері шеберлік сабақтарын жиі өткізіп тұрады.

Заман талабына сай кітапхананы іскерлік кездесулер, шеберлік сабақтар өткізуге ыңғайлы қарым-қатынас орталығына айналдыру бағытында біраз жұмыс атқарылған екен. Адамдар арасында еркін-еркін бейресми қарым-қатынас орнататын, жастар тұрақты келіп тұратын ыңғайлы алаң жасау мақсатында кітапханадан «BOOK кафе» және коворкинг орталығы ашылды. Атаған кафеде белсенді жастардың уақытын тиімді өткізуге, пікір алмасуға, қарым-қатынас орнатуына қолайлы жағдай жасалынған. Бұл жерде білім алуға, жұмыс жасауға, демалуға, сонымен қатар, көңілді кештер өткізуге болады. Кітап оқумен бірге кофе, шай ішіп, мәдени демалуға жақсы жағдай жасалынған көріп риза болдық.

Ал коворкинг орталықтың негізгі мақсаты – әлеуметтік маңызы бар бастамаларды, жобаларды және бірлесе жұмыс жүргізу үшін жастардың қолжетімді жұмыс кеңістігін ұйымдастыру. Орталық іскерлік қатынас аймағы, бейресми кездесулер аймағы, демалыс аймағы және жеке жұмыстар жасауға арналған алаң секілді төрт аймаққа бөлінген. Іскерлік қатынас аймағы – шығармашылық және ғылым жолындағы жастардың басын қосу мақсатында түрлі іс-шараларды ұйымдастыруға арналған. Мұнда жастар өз жобаларын, идеяларын талқылай алады, іскерлік кездесулер, пікірталастар, лекция, семинар, шеберлік сағаттары мен тренингтер ұйымдастыруға болады. Бұл орын жұмыс жасауға қажетті компьютер, проектор, экран, маркерлі тақта, диван, стол, үстелдермен жабдықталған. Интернет, Wi-Fi бар. Бейресми кездесулер аймағы – интеллектуалды ойындар, көрмелер ұйымдастыруға, вебинар және фильм көруге арналып, келушілердің демалуына жағдай

жасалған қолайлы орын. Мұнда теледидар көріп, қызықты кітап, газет-журналдармен таныса алады. Демалыс аймағы жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, шахмат және үстел теннисін ойнауына болады. Жеке жұмыстар жасауға арналған кабинеттер жасақталған.

Кітапханада Қазақстанның халық жазушысы, дарынды драматург Қалтай Мұхамеджановтың жеке кітапханасы ашылған. Айта кетейік, оның драматургиялық шығармалары шет тілдеріне аударылып, АҚШ, Ұлыбритания, Болгария, Венгрия, Монғолия, Ресей, Қырғызстан және тағы басқа елдердің театрларында қойылған. Жазушының жеке кітапханасында 8 мыңға жуық кітап, сонымен қатар көп жылдар пайдаланған жеке заттары, жазу құралдары, көдециалары, портреті қойылған. Быыл жазушының 90 жылдығына арналған «Көктөбедегі кездесу» пьесасына талдау, «Мен Сырдың перзентімін» атты кең көлемді кітап көрмесі, «Қалағанның қалжындары

– халық мұрасы» атты әдеби кеш ұйымдастырылды. Жазушының шығармашылығын зерттеуші студенттердің аз еместігі кітапты электронды нұсқада оқуға мүмкіндік туғызып отыр. Заман талабына сай дәстүрлі жұмыс түрімен бірге жаңа технологияларды қолдану кітапхана жұмысында басты бағыттардың біріне айналды.

Осында болғанымызда кітап оқуы ілгерілету, кітап оқу мәртебесін көтеру, жалпы әдебиетті насихаттау, тұрғындарды кітапханаларға тарту және оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында көптеген шаралар ұйымдастырылып келе жатқанынан хабардар болдық. «Оқи және өзгере ұсын!» буккроссинг жобасы – солардың бірі. Кітап көрмелері, ақын-жазушылармен кездесулер, шығармашылық кештер, кітаптардың тұсаукесер рәсімдері де жиі өткізіліп келеді. Жыл сайын дәстүрлі «Тәжібаев оқулары», республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы өткізіледі. Ел болып оқуға тандалған кітапты насихаттау барысында көпшілік жұмыстың заманауи түрлері қолданылуда. Атап айтқанда, оқырмандар конференциясы, кітап тұсаукесері, әдеби қазба, ток-шоу, флешмоб, дебаттар және пікірталас кештеріне оқырмандар үлкен қызығушылықпен қатысады.

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын насихаттау мақсатында өлкенің тарихына және Сыр бойынан шыққан тұлғаларды насихаттауға арналған «Туған жер – туған тарих» атты танымдық кеш, «Мәңгілік ел және ұлы дала құндылықтары», «Латын әліпбиі – келешектің кілті» атты дөңгелек үстел, «11-ші аймақ латын әліпбиіне көшеді» атты кітап көрмесі, Қызылорда қаласының 200 жылдығына орай «Сыр – Алаштың анасы» атты ғылыми-танымдық конференция, «Алаштың айбарысың, Қызылорда» атты эссе байқау, батыр Келмембет Келдібайұлының туғанына 370 жыл толуына орай «Бабаға құрмет – ұрпаққа міндет» атты тарихи кеш ұйымдастырылды.

Кітапты насихаттау, оқуға деген қызығушылықты, қоғамның интеллектуалды әлеуеті мен мәдени құндылықтарын арттыру, кітап оқуға тарту, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік білімін артты-

ру, жастардың кітап оқуға, көркем әдебиетке деген құштарлығын ояту мақсатында 23 сәуір - Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне орай «Kіtap Fest - 2018» кітап фестивалі өткізілді.

«Жастар таңдайды» атты жобаның мақсаты – жастарды кітап оқуға ынталандыру, әдеби талғамын қалыптастыру, кітап оқуды насихаттау, жастар оқитын таңдаулы 100 кітапты анықтау. Осы жоба аясында видеороликтер байқауы ұйымдастырылады. Жастар өздері сүйіп оқитын кітаптары туралы видеороликтер түсіріп, замандастарына ұсыну мүмкіндігіне ие болады. Ұлттық құндылықтар мен жалпы адамгершілік тәрбиесі арқылы білімді жеке тұлға қалыптастыру, өз өлкесіне және оның тарихына деген сүйіспеншілік сезімін ояту мақсатында кітапханада «Оқитын өлке» акциясы, «Кітаппен бірге өсеміз», «Кітапханамен бірге оқу» атты жобалары жүзеге асырылуда. «Досыңа кітап сыйла!» және «Кітапханаға кітап сыйла!» акциялары оқырмандар қолдауына ие болып отыр.

Сыр өңірінен шыққан талантты жастарды бір әдеби ортаға жинап, шығармашылық деңгейін көтеруге, рухани-әдеби ортаның қалыптасуына, жас дарындардың жаңа көзқарастарын дамытуға жағдай жасау, жергілікті шығармашылық иелерін келер буынға таныту мақсатында «Жауқазын - ғұмыр» жас ақындар клубы, «Өнер», «Дидар» ақпараттық клубы, Сыр өңірінен шыққан талантты, белгілі тұлғаларды насихаттайтын «Келбет», сондай-ақ, «Отбасымен бірге оқық», «Бүгінгі оқырман – ертеңгі көшбасшы» жобалары жұмыс жасайды. Оған қоса «Құжаттық мұраларды цифрлау», «Жанашыр», «50+WEB» жобалары бойынша жұмыстар жүргізіп келеді. Сонымен қатар кітапхана бөлімдері жанынан құрылған бірнеше клубтар бар. Атап айтқанда, «Кездесу», «Өнер», «Бағбан», «Дидар» және «Жауқазын-ғұмыр» жас ақын-жазушылар клубы, «АСК Kyzylorda» сұхбат клубы, «Рауан» балалар клубы, және «Шаңырақ» интеллектуалды орталығы.

Кітапханада жұмыссыз жастарға және әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген азаматтарға қолдау көрсетуге бағытталған «Шаңырақ» интеллектуалды жұмыс жасайды. Мақсаты – 18-35 жас аралығындағы жұмыссыз жастар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың еңбек пен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, IT-технологияларды пайдалануға үйрету. Өткізілген курс сабақтары мен тренингтерге осы уақыт аралығында жұмыссыз жастар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар да қатысып, интернет арқылы түрлі әлеуметтік желілерді және электронды үкіметтің онлайн қызметтерін пайдалануды үйренді, күрделі бағдарламалармен жұмыс жасау сияқты компьютерлік сауаттылықтар бойынша тегін курстан өтті.

Кітапханада көрсетілетін кітапханалық қызмет түрлері мен өткізілетін барлық мәдени шаралар, қорға келіп түскен жаңа әдебиеттер туралы, белгілі бір қаламгер шығармасына арналған виртуалды көрмелер туралы кітапхана сайтында жүйелі түрде жарияланып тұрады. Кітапхана пайдаланушылары үшін соңғы жаңалықтардың тағы бірі – мобильді кітапхана қызметін планшет пен смартфон иелері пайдалана алады. Пайдаланушылар виртуалды көрмеден тегін Wi-Fi қызметіне қосылып, қажет кітаптың QR-кодын сканерлеп, оны электронды түрде өз мобильді құрылғысына жүктей алады. Мобильді кітапхана қорында Сыр бойының белгілі қаламгерлерінің туындылары бар.

Кітапханада мүмкіндігі шектеулі азаматтарға кедергісіз орта қалыптастыру мақсатында қолайлы жағдайлар жасалған. Ғимаратқа кіреберіс пандус санитарлық-нормативтік талаптарға сай жасалды. Пандус ауа райының қолайсыздығынан қорғалатын төбесі жабық, табанына арнайы тайғақтан қорғайтын резина төселген. Санитарлық тораптарда азаматтардың қимылы шектеулі топтары үшін ыңғайлы ұстап тұру қондырғылары орнатылған. Көз мүгедектеріне тактильдік пиктограмма бағыттары (жолақтар) қойылған, шақыру қоңырауы орнатылған. Оқырмандарға сапалы қызмет көрсету және олардың сұраныстарын қанағаттандыру, қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында бірінші қабаттан арнайы оқу залы ұйымдастырылды. Көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтар үшін браил қарпімен кітапханада көрсетілетін қызмет түрлері, жұмыс істеу кестесі жазылған ақпараттық тақта қолжетімді жерде ілінген. Бұл залда кітапхана қорындағы құжаттардың барлық түрін пайдалануға, ақпарат іздеуге кітапханашының кеңесін алуға, кітапханада ұйымдастырылатын мәдени шараларға қатысуға, компьютерлік сауаттылық бойынша білім алуға болады.

Өмірде өз жүрек қалауымен таңдаған мамандығын өмір бойы сүйіп өтетін жандар бар. Кітапханашыларды солардың қатарына сенімді түрде жатқызуға болады. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасында болып, ондағы жасалып жатқан жұмыстарды көріп осындай ойға келдім. Мырзахметова Нұржамал Ахметқалиқызы басқарған ұжым мүшелері өскелең ұрпақтың интеллектуалды әлеуетін арттына, аймақтың рухани дамуына өздерінің лайықты үлестерін қосып келеді.

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
Сыр бойы.**



"SYR BOYI" GAZETINIŇ ARNAIY BETI

«АСТАНАДАН АҚ ТІЛЕК АЛЫП КЕЛДІК»

– Біздің қаламызда өтіп жатқан Астана күндері мәдени өміріміздегі маңызды оқиғалардың бірі болды. Әрине, көрермен елордалық өнерпаздардан жаңашылдық, жоғары деңгейдегі өнер туындыларын күтеді. Мереке аясындағы алғашқы шара – қуыршақ театрының қойлымы туралы жақсы пікірлер естідік...

– 6 қыркүйек күні елордалық Қуыршақ театрының труппасы А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінің сахнасында өзінің үздік қойылымдарының бірі – «Мәңгілік бала бейне» спектаклін көрсетті. Жазушы-драматург Роза Мұқанованың осы аттас шығарманың желісі бойынша қойылған қойылымдар еліміздің көптеген театрларында сахналанған болатын. Бұл жолы бас кейіпкер – Ләйлә қуыршақ түрінде алғаш рет ұсынылды. Семей полигонындағы жарылғыс зардабынан түр-келбеті мен ақыл-ойы өспей қалған Ләйлінің тағдырына көрермен бейжай қарамағанын байқадық.

Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық драма театрында 14 өңірді аралап шыққан «Ақ тілекпен Астана» көрмесі ұйымдастырылды. Экспозицияға С.Смағұлов, М.Бекеев, Р.Құлбатыров, С.Аллабергенов, Н.Каржасов және т.б. сынды танымал 50 отандық суретшінің 100 үздік туындысы қойылған. Көрмеге келушілер Жанна Спунердің жеке коллекциясындағы еңбектерді, сонымен қатар, астаналық шеберлердің картиналары мен мүсіндерін тамашалады. Отандық қылқалам шеберлерінің өнеріне, шығармашылық әлеует-

Елорданың 20 жылдық мерейтойы еліміздің облыс орталықтары мен қалаларында «Астана күндері» атты мерекелен жалғасын табуда. Қыркүйектің 6-сы күні басталған Қызылорда облысындағы Астана күндерінің мәдени бағдарламасы өте ауқымды. Үш күнге жоспарланған шаралардың бірталай бөлігін сырбойылықтар тамашалап үлгерді. Біз Астана қалалық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Нарима Мұхамбеталинамен сұхбаттасып, Астана күндерінің барысы туралы сауалдар қойған едік.

теріне өз бағасын берді. Коллекцияны Тәуелсіздік сарайы ұсынып отыр.

Қызылордалық көрермен астаналықтардың ән-жыр шабуылын – гала-концертті күтуде. Концертте қандай өнерпаздар, шығармашылық ұжымдар өнер көрсетеді?

– Кеш бағдарламасында эстрадалық би, «Шалқыма» халық биі ансамблі, «Қорқыт» дәстүрлі музыка тобы, классикалық эстрадалық және халық вокалы солистерінің өнеріне орын берілген. Отандық эстрада жұлдыздары – Индира Расылхан, Айгүл Иманбаева, Дос, Алмас Қишкенбаев ән шықпайды.

Гала-концертте өнер көрсететін «Қорқыт» дәстүрлі музыкалық тобы мен «Шалқыма» халық биі ансамблі туралы айтып берсеңіз...

– «Қорқыт» дәстүрлі саз тобы анықтаушы айтып тұрғандай, дәстүрлі музыканы дәріптеумен айналысады. Ұжым құрамында ұлт аспаптарының барлығы да бар. Қобыз, қылқобыз, домбыра, сыр-

най, шаңқобыз, жетіген, шертер, сыбызғы сияқты аспаптарда ойнайтын талантты музыканттар жиналған. Бұл ұжым мүшелерінің әрқайсысы бірнеше аспапты меңгерген. Сондықтан 12 адамдық құраммен кез келген бағдарламаны орындайды. Музыканттардың көбісі көмеймен ән айту техникасын жақсы меңгерген. Ұжым репертуарында оның көркемдік жетекшісі Шолпан Қорғанбектің авторлық өңдеуінен өткен күй, жыр-термелер бар.

Ал, «Шалқыма» би ансамбліне келсек, ол 2007 жылы құрылған. Өнер ұжымын Мәдениет қайраткері Әбдірасул Есекеев басқарады. Ансамбль қазақ биін насихаттаумен және оны көркемдік түсіндірумен айналысады. Ұлттық билерді орындаумен қатар, көрермендерді қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстырады. Оған қоса, әлем халықтарының билерін, күрделі хореографиялық тапсырмаларды шебер орындайды. Ансамбль мүшелерінің шеберлігі айтулы байқаулар мен фестивальдарда өз бағасын алып жүр.

– Өнерұжымдарының өсуі, шыңдалуы үшін гастрольдік сапарлардың маңызы зор. Бұл ретте астаналық шығармашылық топтардың қандай табыстары бар?

– Жоғарыда айтқан «Қорқыт» тобы Ресей мен Қытайда ұлттық мәдени мұраларды насихаттайтын шараларға қатысып қайтты. Ал «Шалқыма» Ресей, Ауғанстан, Корея, Германия, Түркия, Швейцария, БАӘ елдерінде көрермен көшеметіне бөленген.

– Екі күндегі іс-шаралар барысынан байқаған боларсыздар, Сыр өңірінде өнерді, мәдениетті бағалай алатын, қадірін білетін халық тұрады. Көрмеге, театрға келушілердің бағасы қандай?

Барлық мәдени шараларымызды жұртшылық өте жылы қабылдады. Алғыстарын айтып, жақсы пікірлерін білдіріп жатыр. Бұл, әрине, өнер адамдарына қанат бітереді, шабытын шалқытады.

– **Рахмет.**

Сұхбатты жүргізген
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».

«МӘҢГІЛІК БАЛА БЕЙНЕ» ҚЫЗЫЛОРДАДА

Елорданың 20 жылдығына орай, Қызылордада өткен Астана қаласының күндері аясында елордалық қуыршақ театрының труппасы А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінің сахнасында үздік қойылымдарының бірі «Мәңгілік бала бейне» спектаклін көрсетті.

Туындыда Семей полигоны кезінде мүгедек болып өмірге келген Ләйлінің тағдыры бейнеленді. Қарауылдағы қасіретті жарылыс салдарынан Ләйлінің жасы жиырмаға жетсе де, түр-келбеті мен ақыл-ойы сегіз жасар бала қалпында

қалған. Ешкім де жанын түсінбейтін Ләйлә, көңбіс ауыл әйелдері, жыңды Шөміш, бойжеткеннің арманына айналған Құмар, мүгедек болса да, жанын әнімен жұбатқан Болтай – шығарманың негізгі кейіпкерлері. Спектакльде жалғыздық рухы басым. Өйткені, Ләйлә – жалғыз, оны ешкім түсінбеген. Оның арманы, тап-таза тілегі дені сау адамдар үшін күлкілі, мүгедек қалпы басшылар үшін «карьеря жасаудың» таптырмас амалына айналған. Бейкүнә саби қалыптағы бойжеткеннің «мыңмен жалғыз алысуға» шамасы жетпейтіні белгілі, жан дауасын таппау, ішқұсалықпен ақырында о дүниеге аттанады.

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, жазушы драматург Роза Мұқанова әңгімені жазуға 14 жастағы қыздың 7 жасар бала кейіптегі фотосуреті әсер еткенін айтады. Туындыда

қоғамда қолдан жасалған апат, адамдардың айрылғыс боямасыз бейнеленген. Драма-тургияда орнын тапқан шығарманы Сатыбалды Нарымбетов «Қызылорда» деген атпен фильм етіп те жасады. Алайда, театр сахнасындағы Ләйлә ғана елге ыстық, адамдар жанына жақын ұмытылмас бейне.

Бұл кезге дейін шығарма желісі бойынша бірқатар театрда қойылым сахналанды, ал Қызылордада басты кейіпкер Ләйлә қуыршақ ретінде алғаш рет ұсынылды. Қоюшы режиссері – Қ.Ешмұратов пен Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі А.Салаева.

«Өткенді білмей, болашақты бағамдай алмайсың». Бүгінгі балалар, жастар Семей полигоны, адамдар кешкен ауыр да азапты тағдыр, еліміздің өткен тарихын білсін деген ниетпен «Мәңгілік бала бейне»

қойылымын таңдадық. Рухани тұрғыда жалғыздықты сезіну, дауасыз дертпен бірге жаныңның емін ешкімнің таппауы, адамдардың түсінбеуі қай кезде де қоғамда болады. Сатқындық, адамгершілік, аңқаулық, арамзалық секілді адами қасиеттердің барлығы табылатын қойылымның тәрбиелік маңызы үлкен, – дейді театр негізін қалаушылардың бірі, Мәдениет қайраткері Досымхан Бейсенбаев.

Расыммен, спектакль соңында театрға жиылған жастар, оқушылардың жансыз қуыршақ – Ләйлә бейнесіне қимастықпен қарағанын байқадық. Оларға нәзік те жаны таза мәңгілік бала бейнесінің ой салғаны анық.

Айдана ЖАҒАДИНОВА,
«Сыр бойы».

SYR SAZY I

ТӨЛ ӨНЕРДІ ТӨРТЕ ОЗДЫРҒАН «АҚМЕШІТ»

Ашылғанына жарты ғасырға жуықтаған облыстық филармонияда 7 шығармашылық ұжым жұмыс жасап келеді. Солардың арасындағы шоқтығы биігі «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі десек, шыңдықтан шалғай кетпейміз. Туған халқымыздың төлтұма өнерін, ұлттық фольклорын насихаттау мақсатында 2009 жылы құрылған бұл фольклорлық ансамбль бүгінде төрт құрлыққа болмаса да, түркі әлеміне танымал өнер ұжымдарының біріне айналды.

«Ақмешіт» қазақ композиторларының күйлері мен жаңаша өңделген халық әндерін орындау арқылы көрермен назарын әдегеннен-ақ өзіне аударған еді. Қазір оның қоржынында 100-ден астам шығарма бар.

Төл туындыларымыз – күй құмбезді болған Қазанғап, Құрманғазы, Әлшөкей, Дәулеткерей, Ықылас туындыларымен қатар шетелдік композиторлардың классикалық шығармаларын да шебер орындайды. Сондай-ақ, Сыр өңіріне тән үш жыраулық мектептің ізін жалғастырушы жыраулармен де, вокалдық орындаушылармен де репертуарлық жоспарлар жасасып, концерттерге алып шығып жүр.

Ансамбль 2011 жылы Алматы қаласында өткен республикалық «Ғасырлар сазы» дәстүрлі музыкалық фестивалінде дипломант атанса, сол жылы Қызылордада өткен Халықаралық «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» атты фольклорлық-музыкалық өнер фестивалі аясындағы бағдарламаларда өнер көрсетіп, Халықаралық «Түрксой» бірлестігі мен облыс әкімінің арнайы сертификатты ие болды.



Елбасының Сыр еліне келген іссапарында облысымыздың өнер биігін паш етіп, жоғары деңгейдегі кәсібиліктерін көрсеткені үшін облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Астана, Атырау, Ақтөбе, Орал қалаларында гастрольдік сапарда болып, Сыр елінің төл өнерді төрге оздырған таланттарын танытты.

2014-2015 жылдары наурыз айында Түркияда өткен түркітілдес елдердің Наурыз мерекесін тойлауға арналған фестивалінде өнер көрсетіп, «Түрксой» халықаралық ұйымының арнайы дипломымен марапатталды.

Татарстан Республикасының астана-сы Қазан қаласында достық пен ынтымақтастықты нығайту мақсатында «Достық әуені» атты концертпен гастрольдік сапарда болып қайтты.

«ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесі аясындағы Қызылорда облысының мәдениет күндерінде «Жауһар мұра» атты концерт беріп, қошемет пен абырой иеленді.

2018 жылы сәуір айында Лондонда тойланған Наурыз мерекесінің құрметіне концерт беріп, қазақ фольклорының бөделін тағы бір биікке көтерді. Осы шырайлы шараға Қазақстанның Ұлыбританиядағы және Солтүстік Ирландия құрама корольдігінің төтенше және өкілетті елшісі Ерлан Ыдырысов қатысып, мерекелен құттықтап, өнерпаздарға ризашылық танытты.

Сондай-ақ, ансамбль Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына орай тамыздың соңғы аптасында елорда тұрғындарына «Астана – төрім, ордалы елім» атты концерттік бағдарламасын тартулады.

Бүгінде ол Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын негізге ала отырып, облыс көлемінде концерттер беру мақсатында гастрольдік сапарларын жүзеге асыруда.

Ансамбльге халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты, баяншы Нұрбай Нұрғиса жетекшілік етіп келе жатыр.

Сыр елін шетелдік қонақтарға таныстырар болсақ, алдынан «Ақмешітті» алып шығатынымыз тегін бе? Өйткені, ол – он бойына ұлтымның сазын ғана емес, салт-дәстүрін де сыйдырған өнер ұжымы. Оның болашағы зор, ол – Мәңгілік елдің үні болып қала беретін қазақтығымыз.

Д.БЕРКІНБАЕВ.



ТАУҚЫМЕТКЕ ТҰСАУ САЛҒАН ТАСЖАРҒАН

(Қайсар ақын Нұрмұхаммед Әбілқасымов туралы сыр)

Сол күні екеуіміз көп сырластық. Бала күнінен арбаға таңылыпты. Көкірегі сайрап тұр. Қорадағы малының әрқайсысының мінезін, қашан төлдейтінін жатқа біледі. Әсіресе, атқұмарлығы ерекше. Өзі салған аттың суреттерін көрсеткенде таңғалдым. Өйткені, оның қолы қалам ұстауға икемсіз. Қаламды ерніне қыстырып, ұялы телефонның әріптерін теріп жазды. Суретті де дәл осылайша салады. Ғажап па, азап па? «Ешкімге көрсетпей, көз жасымды сығып алатыным бар, бірақ мені жасық деп қалмаңыз. Мен өмірге ғашық адаммын, өзімнің бойымдағы барды ел-жұрттың рухани азығына жұмсағым келеді» – деді ол.

Мен Нұрмұхаммедпен осылай таныстым. Алла адамның тағдырын азан шақырып қойған атымен байланыстырады дейді қасиетті кітаптар. «Олай болса, Нұрмұхаммед атын алған бұл азамат тегін адам емес. Құдай қаласа, аяққа мініп кеткенін көреміз». Бұл – менің санама алғашқы келген ой.

Сонымен, жұмысыма оралған соң қайсар ақын туралы газетке мақала жарияладым. Өлеңдерін жинақтап, «Тағдырымның жанары» деп аталатын алғашқы жыр жинағының жарық көруіне атсалыстым. Аппаз Кәмішов ағамыз демеуші болды. «Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар» дегендей, осыдан кейін Нұрмұхаммедтің текшілері де көбіесе бастады. Бұқаралық ақпарат құралдары бірінен соң бірі жариялады. Осы жағдайлар менің досым, танымал ақын Алматыдағы Маралтай Райымбекұлының құлағына жетіп, ол Нұрмұхаммедтің «Тасжарған» деп аталатын екінші кітабын өз есебінен шығарып берді.

Осылайша, Нұрмұхаммед ертектегі «мына есікті ашпа» дейтін өмірінің сегізінші есігіне енді. Аяғына тас болып байланған тауқымет алдына шығып оның ендігі салдауыр салмағына қолын бір-ақ сіттеді.

2011 жылдың қараша айында поэзия номинациясы бойынша Алматыда өткен республикалық «Самғау» сыйлығы иеленді. 2012 жылдың тамыз айында шахматтан облыс жеңімпазы болды. 2012 жылдың қараша айында Халықаралық «Шабыт» жастар фестивалінде 90 ақынның арасынан халықтың ілтипатына бөленіп, дипломант атанды. 2013 жылдың қазан айында Астанада өткен «Бәріміз бірдейміз, кемсітуді білмейміз» атты республикалық конкурсында «Алтын қауырсын» номинациясының жүлдесін жеңіп алды. 2014 жылы Бауыржан Момышұлы атындағы «Намыс» төселгісін омырауға тақты. 2015 жылы «Жаншұау» сыйлығының лауреаты болды және осы жылы отбасын құрды.

Бүгінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде журналистика мамандығын игеріп жатыр.

Мен осы кездерде өзімнің бір болжауым келіп, бір арманым орындалғандай күй кешем. Өйткені, осыдан он жыл бұрын «құдай қаласа, аяққа мініп кеткенін көреміз» деген едім. Сол айтқаным келмеді ме? Нұрмұхаммедтің аяғы Алматыға да, Астанаға да жетті. Жай саяхаттап жүрген жок, өзін танытып, мойындатып қайтты.

Бәрінен бұрын оның бас қосып, шаңырақ көтергеніне күллі жұрт қуанды. Дүниеде жат ой, жаман қылықтан ада адам болудың екі дүниелік бақыты бар екенін бәріміз білеміз. Бірақ, сондай болу қолымыздан келе ме? Бір келсе, бұл Нұрмұхаммед сияқты жандардың ғана қолынан келетін іс.

Діни кітаптардың сөзі бойынша сыртымыздан ібіліс, ішімізден ханнас жамандыққа қарай жетелейді. Осы екеуін жеңетін – адал, таза жүрек күші.

Ежелгі грек ойшылы Пиндар сұлу Кориннаны қаратып алу біз секілді атақты адамға түк емес деп түсінген. Оның қателескені сонша, сол қызбен арадағы қақтығысы күні бүгінгі біздің құлағымызға жетіп отыр. Коринна ақын еді, Пиндар оған өлең жазуды үйрет деп талап қылды. Сан қатпарлы ғылымның тереңіне түскен ойшылға бірер сөзді ұйқастырып, өлең жазу үйреніп алса, түкке тұрмайтын сияқты көрінді. Бірақ қаншалықты терең ой мен пайым, құдай тоба, бір жақсы өлең жазуға жарамады. Өзінен бәсі жоғары болған ақын қызды көре алмаған ол ақырында оны «шошқа» деп тілдеді. Кейін оқымыстылар «шошқа» сөзі ол кезде қазіргі кездегідей ерсі сөз болып есептелмейтін еді» деп ұлағатты Пиндарды ақтауға тырысқанымен, қай кезде де «шошқа» сөзі «сүйкімсіздіктің» синонимі болып қала береді.

Мұнан не түсіндік? Жүрегіңе Алласалмағаның ныметті өзгерікпен жасай алмайсың. Бүкіл аспан үстін, жер астын есік алдындағы егістігін қоспытқандай аударыстырып жүрген ғұламаларыңның бір шумақ шынайы өлең жаза аламында осындан сыр бар.

Пиндардың данышпандығына шек келтіру қиын, бірақ мына оқиға арқылы оның таза пейілді болғанына сенбейсің.

Алла Тағала «байлықты жақсыға да, жаманға да берем, ал, иманды жақсы көргеніме ғана берем» деген дейді.

Жаратушы Ием Нұрмұхаммедке қиын тағдыр берсе де, несібесіне көбімізде жок адам ой, асыл қазына жазыпты.

Жақында маған Нұрмұхаммед інім келіп кетті. Сағынысып қалыппыз. «Журналистерге сәлем берейін» деп кабинеттерді жағалап шықты. Арбада отырғандай емес, аяғымен жүрген сияқты. Жүзі жарқын, жүрегі қуанышты.

Айтпақшы, жанында сұлу келіншегі бар...

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы».

НЕГЕ ҰТЫЛАМ?

Жасырам кімнен, несінен, Түйінді жіптен шешілем. Қашанғы тұсау саласын, Босатсан тағдыр, кешірем. Перзенттің мен де сүт емген, Сырдарияның төсінен. Елім-ай, мені еркелет, Сақталған болса несібем. Тіліммен тасты төсіп ем. Сарқырап аққан сары өзен, Қалайша жолдан кесілем? Бұл өмір қызық несімен?

Тағдырым салған тұсаумен, Тізерлеп шапқан тұлпарым. Жазмыш қиған қанатпен, Қырындап ұшқан сұңқарым.

Шығарам ба деп шерімді, Сөйлей алмаймын, тұтығам. Тартқанда өрге өмірім, Тағдырға келіп тұтылам. Ізімнен қалмай келеді, Қай жаққа қашып құтылам? Халқым бар, құрмет қылатын, Өлмесем, неге ұтылам?

Н.ӘБІЛҚАСЫМОВ.

ЃІBRAT I

Бар өмірін туған жеріне, еліне қалтқысыз қызмет етуге арнаған қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз Дәумен қажы Шоманұлының туғанына 90 жыл толды.

Сонау 1980 жылдары Қазақ телевизиясының редактор-тілшісі ретінде Сыр елінде іс-сапарда жүріп Жаңақорған ауданы кәсіподақтарының төрағасы, бюро мүшесі Дәумен Шоманов ағаймен кездесіп, сұхбат алған едім. Содан бері ағаға деген құрметім, ықыласым арта түсті.

ЕЛ ЖАДЫНДАҒЫ ЕСІМ

Ел жақсы мен жайсаңды қалың топтан жаңылмай танып, өнебегінің әділ бағасын беріп отырады. Деңгейі биік, дәрежесі дара ағаларын кейінгі ұрпақ әрдайым ұлағат тұтады. Өйткені, халықтың айрықша ықыласын иеленген азаматтың тұғыры қашанда берік, еңесі жоғары.

Дәумен қажы Шоманұлы қоғамның дамуына белсене атсалысып, қай қызметте болса да адалдық пен әділдік, адамгершілік пен парасаттылық, білгірлік пен білімділік танытқан тұлға атанды.

1928 жылы Жаңақорған ауданы Өзгент аймағының Көкжиде-Қосторанғыл ауылындағы қарапайым диқан отбасында дүниеге келген ол ауыл мектебінде білім алған соң, 1951 жылы Қызылорда қаласындағы педагогикалық институтты ойдағыдай бітірді. Облыстық газеттің редакторы Базарбай Сарбасовтың тәрбиесін көп көрді. Институтта елге танымал болған қайраткер Аралбай Махамбетов, Елеу Көшербаев, Дәуірхан Айдаров, Хамит Ембергенов, Қайырбек Мырзахметовтермен бірге оқыған еді.

Диплом алғаннан соң, Қызылорда қаласында, Шиелі, Жаңақорған аудандарында мектеп директоры, аудандық оқу бөлімін басқарды. Одан кейін партиялық жұмысқа жіберілді. «Түгіскен» тыңын игеру кезінде ерекше табандылық көрсетті. Ауыл шаруашылығының білгір ұйымдастырушысы Зұлпыхар Мұсахановты ұстаз тұтты.

Еңбек адамына қамқорлық жасаудың үлгісін көрсеткен халық қалауысы ретінде аудандық кеңестің депутаты, аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, кәсіподақтардың облыстық ұйымы құрамына сайланды.

1960 жылы республикалық мұғалімдердің ІІІ съезіне, КСРО агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің Мәскеуде өткен ІІІ және ІV съезіне делегат болды. Кәсіподақтардың Республикалық кеңесінің оған «Газ-24» Волга жеңіл автокөлігін сыйға тартуы тегін емес еді.

Зейнет демалысында жүріп, ұлттық дәстүрдің дәріптелуін, ана тілімізге деген құрметті көтеру мақсатында аудандық «Қазақ тілі» қоғамына төрағалық етті. Мұның бәрі өлшеусіз өнегенің ордасы еді. Үкімет бұл еңбекті жоғары бағалады. Қолы таза, жүрегі таза, нағыз имандылыққа бет бұрған парасатты жанға құрметтің жоралғысы, міне, осындай.

Әділетсіздікке төзімсіз, жақсылыққа жүрегі жомарт табиғаты оны үнемі абыройға бөледі. Дәумен аға әділетшіл, принципшіл, қиянатқа кешірімсіз таза кісі болатын.

Батыл әрі дәйекті айтатын қасиеті кім-кімге де үлгі-өнеге. Қоғамға деген, мемлекет мүлкіне деген жанашырлығы, ағайынның ауызбірлігін сақтауға деген қамқорлықы баршаның көз алдында.

Атасы Баймен қожа мен әжесі Бегина апа Шаһмұхамед, Шохмұхамед, Нұрмұхаммед атты үш ұл мен Күнпатша, Айымпатша деген екі қыз өсірген. Кейінірек бұлар Шәмен, Шоман, Нұржан, Патжан, Аймыш деп аталып кеткен.

Шәмен мен Шоман елдің құрметіне бөленген, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар болған. Шәмен атақты күсбегі атанса, Шоман шығырдың ақсақалы атанған. Жастайынан шаруаға бейім, жерді, суды танитын күшті қасиетке ие болған. Сырдың «Көкжиде» аталатын жағасына он шығыр құрып, ағайынды жаппай егіншілікке жұмылдырған. Сол кезде Шоман ақсақалды білетіндер: «Шоманның танғынын сүйреткісімен арық-атыз алаң, шығырдың суын дiттеген жеріңе жеткізесің», - дейді екен.

Егер әр шығыр 2,5-3 гектар жерді суландырады десек, 10 шығырдың суы 25-30 гектарға жеткен. Шоман көлікх қорылған, ел қоғамдасып, егін егуге көшкенде де үнемі су мұрабы, егіс бригадирі жұмыстарын атқарған.

Дәумен қажының анасы – Үрсая Алтынқожақызы ақылды, парасатты, отбасының қазынасы болды.

Дәумен ағамыз 1962 жылы аудандық оқу бөлімін басқарды. Партия шақыруына орай «Қызыл Жұлдыз» ұжымшырында төрағаның орынбасары, ал 1967 жылдан 1974 жылға дейін КПСС-тің XXІІІ съезі атындағы (қазіргі Қожакент) кеңшарында партия ұйымының хатшысы қызметін атқарды.

«Түгіскен» тыңын алғашқы игерушілердің қатарында болып, 1928-1950 жылдарда тағдыр тауқыметімен Өзбекстанға қоныс аударған ағайындардың 250-ге тарта отбасын елге қайта көшіріп әкелуге лайықты еңбек сіңірген. XXІІІ партия съезі және Өзгент кеңшарының негізін қалаған. 3.Мұсаханов атындағы «Келінтөбе» бас аргығының құрылысына белсене қатысқан.

Соңғы 20 жыл, яғни 1990 жылға дейін аудандық кәсіподақ ұйымын басқарды. Зейнетке шыққаннан кейін 3 жыл аудандық «Қазақ тілі» қоғамына



жетекшілік етті. Ауданның экономикалық-мәдени дамуына елеулі үлес қосты. Жұбайы Гауһар анамыз да текті әулеттің ұрпағы. Алты перзент өсірді. Мұрат, Алтынбек, Мақсұт облысқа белгілі кәсіпкерлер, қыздары Сәуле мен Зина да жеке кәсіппен шұғылданды. Зәуресі аудандық кітапхана басшысы болды.

Мұсылмандықтың бес парызының бірі – қажылық сапарын жасады. Мекке, Мәдинада болып, Қағба мешіті мен Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарымыздың мешітінде сәждеге бас қойып, зиярат етті.

Дәумен қажының есіміне Жаңақорған кентінде, Өзгент ауылында көше берілді. Өзгент ауылының орталығынан мешіт салынып, ол Дәумен қажы Шоманұлының есімімен аталды. Мұсылман қауымының ұлық мерекесі – Ораза айт, Құрбан айт кезінде Құран оқылып, ас беріледі. Және де тұрмысы төмен отбасыларға қайырымдылық көмек көрсетіледі. Жыл сайынғы оның демеушісі – ұрпақтары, балалары.

Дәумен Шоманұлы – еңбек ұйымдастырудың ірі майталманы, ұлағатты ұстаз, сондай-ақ, шығармашылық қабілеті бар белгілі қаламгер. 1995 жылы «Молда Шәмшілер» атты шежіре кітапшаны жарыққа шығарды. Бұдан бес жүз жыл бұрын ғұмыр кешкен бабаларды Мәулана Шәмшідіңнің (Шәмші Бүзрік) Самарқан қаласынан жерленген жерінен тапты. Қырғы Өзгентте жатқан бабалар басына кесене тұрғызуға атсалысты. Ол Үш Ата: Шәмші Бүзрік, Шаһ Бүзрік және Әл-Әмин баба.

Ұрпақтары жылда бабалар рухына құран бағыштап, ас береді.

Жергілікті халық осы әулие-ғұламалардың үлкені Әбдіжәлел бапты (Хорасан ата) пір тұтады, зиярат етеді. Келесі жылы 1300 жылдығы аталып өтіледі.

Дәумен қажы Шоманұлының бабасы Шәмші Бүзрік (Бүзірік – оқымысты, ғалым деген сөз). Ол кезде Өзгент Сыр бойындағы үлкен қалалардың бірі. Мәулана Шәмшідің Өзгенттегі мешітінің имамы әрі сол елдің ұлығы болған. Өзгент қаласы моңғол шапқыншылығының зардабын көп тартса да XIV-XV ғасырларда қайта өрлеу дәуірін бастан кешірген. Мәуләнә Шәмшідің дәл осы тұста өмір сүрген. Қасиетті Ислам дінін, ілімін таратуда ірі ғұлама, дін жолындағы үлкен тұлға болғанын көнекөз қариялардың сөзінен, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, жоғалмай келген шежіре қолжазбалардан біліп отырамыз. Әрі ақын, әрі әулие, әрі ұлық атанған бабамыз артына көп мұра қалдырған.

Дәумен қажы Шоманұлы ұрпақтар шежіресін жасап, бабалар өмірін зерттеп, «Молда Шәмшілер шежіресі» мен «Мәуләнә Шәмшідіңнің (Шәмші Бүзрік) хикметтерін» және Низамеддин (Низан) Қалықұлының «Шыршық әндері» деген атпен өлең-жырлары мен дастандарын жеке кітап етіп бастырып шығарудағы сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

Дәумен қажы ауданда «Қазақ тілі» қоғамын басқарып, «Мирас» атты танымдық газет шығарып, қыруар жұмыстар атқарды. Ауыл өмірінің көкейтесті мәселелерін көтеріп, қалам тербеді. Елді ауызбіршілікке шақырды.

Әсіресе, «Ғибратнама» кітабы танымдық, шежірелік тұрғыдан әрі ұрпақ тәрбиесі тұрасында бүгінгі қоғам үшін құнды еңбек.

Осы кітаптың алғы сөзін мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек Шаухманов жазған болатын. Шығарманың тілі шұрайлы, тарихи деректерге толы құнды еңбек екенін атап өткен.

Сондай-ақ, ардагер-журналист, белгілі қаламгерлер Қайырбек Мырзахметов, Файзулла Сахиев барыныша талдау жасап, кітапқа жоғары баға береді.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, сатирик-ақын Нұрмахан Елтай: «Әулет шаңырағы, күннен-күнге керегесін жайып барады. Неге? Өйткені, қуанышы – ұрпағы, қуаты – ағайын, халқы көзі тірісінде «Молда Шәмшілер», «Хикметтер», «Низан ақынның Шыршық әуендері» кітабын құрастырып шығарды. Осылайша, қазыналы кітап қорын толықтырған азамат әсте ұмытпайды» десе, зейнеткер-ұстаз Зинабдин Шермағамбетов «Тәшкен, Самарқандқа сапар шегіп, архивтерді ақтарып, бабаларының зиратын тауып, шежіре жазғаны, ол дүние қолдан-қолға тимейтін құнды қазына болғаны – тағзым етерлік іс», -деп ой түйеді.

Ал бұл кітапты Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Адырбек Сопыбеков құрастырып, шығарған еді.

Ержан УӘЙІС,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері.

ТАҒЗЫМ

Интернетті шарлап отырғанымда мына бір мақала еріксіз назар аудартты. Оның авторы генерал-полковник Степан Кәшүрко екен. Кезінде даңқты қолбасшы, маршал Коневтің арнайы тапсырмалар жөніндегі көмекшісі қызметін атқарған. Кейіннен хабарсыз кеткен және қаза тапқан белгісіз Отан қорғаушыларды іздегіру және атын қалдыру орталығының президенті болды. Мақаланы оқи отырып, ертеректе мектеп оқушысы кезімде вагонда сапарлас болған ресейлік екі үлкен кісінің әңгімесі ойға орала кетті. Сол оқиға екеудің күйінішін қайта тірілткендей болды. Енді оны оқырманмен бөлісейін. Ендеше, генералдың жазбасына ден қаялық.

Жеңістің 25 жылдығы қарсаңында маршал Конев маған «Комсомольская правда» үшін тапсырысты мақала жазып беруге көмектесуімді сұрады. Әрине, көмектесем. Қажетті әдебиеттерді жинастырып алып, «Комсомолқаға» жіберетін сол кезеңге лайықты мақаланың тез арада «қаңқасын» құрастырдым да, ертеңіне қолбасшыға келдім. Бірақ оның жүзінен көңіл-күй болмай отырғаны байқалып тұрды.

– Оқи бер, – деп өзі кабинет ішінде олай-бұлай жүре бастады. Шамасы, оны басқа бір мәселе мазалап тұрғаны анық еді.

Бар ынта-жігеріммен шаттық тебіреністе «Жеңіс – бұл ұлы мереке. Барша халқымыздың шаттыққа бөленіп тойлайтын күні...» деп бастай бергенім сол-ақ еді.

– Жетер! – деп жекіріп жіберген маршал қолын бір сілтеп, – Тыңдағым келмейді, жүрегіңді айнытады.

Іштей мақтау күтіп тұрған мен абдырап қалдым.

– Сен одан да айтшы, туған-туыстарыңнан соғысқа кеткендердің бәрі аман-есен оралды ма?

– Жоқ. Тоғыз адам қайтпай қалды. Оның бесеуі хабарсыз кеткендер. Ал үшеуі балдақпен келді, – дедім оның нені айтқысы келгенін түсінбей.

маусымда Белоруссияның астанасы – Минскіні басып алды. Айналып өту маневрімен Смоленскіге тіпті жақындап келді. Шілденің ортасына дейін 170 кеңестік дивизияның 28-і толықтай қоршауда қалды, ал 70-і өте көп шығынға ұшырады. 1941 жылдың қыркүйегінде Вязьма түбінде 37 дивизия, 9 танк бригадасы, резервтегі 31 артиллерия полкі және үш армияның далалық басқару құрамы қоршауда қалды. 1941 жылы, жалпы алғанда, 170 кеңес дивизиясының 92-сі, 50 артиллериялық полк, 11 танк бригадасы және 7 армияның дала-лық басқару құрамы қоршауда қалып, одан шыға алған жоқ. Фашистік Германия Кеңес Одағына 22 маусымда шабуыл жасаған күні КСРО Жоғары Кеңесі президиумы 1905-1918 жыл арасындағы әскери міндеттілерді мобилизациялау туралы хабарлады. Дем арасында 10 миллионнан астам адам мобилизацияға ілікті. Екі жарым миллион еріктілерден 50 халық жасағы дивизиясы мен 200 атқыштар полкі құрылып, олар ешқандай қарусыз және әскери киімсіз ұрысқа кірісіп кетті. Екі жарым миллион адамнан тірі қалғандары 150 мың шамасында болды.

Құжаттарда тұтқындар жайлы да жазылған еді. Атап айтқанда, 1941 жылы Гродно-Минск түбінде –

МАРШАЛДЫҢ ӨКІНІШІ

– Ал қанша бала жетім қалды? – деді ол әлі де басылмай.

– Жиырма бес жетім бала және алты қарт кісі қалды.

– Иә, олар қалай өмір сүрді. Мемлекет оларды қамтамасыз етті ме?

– Итшілеп өмір сүрді ғой, әйтеуір, – деп мойын-дауыма тура келді. – Оларға қазір де оңай емес. Хабарсыз кеткен отбасы иелері үшін көмек берілмейді. Олардың аналары мен жесірлері жылай-жылай көз жасын тауысқан. Сонда да мүмкін келіп қалар деп үміттенеді. Дегенмен, титықтап бітті.

Олай болса, айтшы, туыстарың осылай қайғымен өмір сүріп жатса, неғұллан шаттық?! Майданда қаза тапқан 37 млн жауынгер мен 40 млн мүгедек және жарымжан майдангердің отбасыла-ры қуана ала ма? Олар мемлекеттен болар-болмас тиын-тебен алатын мүгедектермен бірге қиналып, жандары күйзелуде.



Мен, расында да, есенгіреп қалдым. Коневті бұндай жағдайда бірінші рет көруім. Оның ашу-засын келтірген не жайт екенін осыдан кейін бар ып білдім. Маршалдың хабарсыз кеткендерді отбасылары үшін мемлекеттен жәрдемақы төленетін болсын деген ұсынысын Брежнев пен Суслов кері қайтарыпты. Ол болашақта маршал шенін иемденетін. Кеңес Одағының 4 мәрте батыры мен «Жеңіс» орденінің кавалері атанатын адамның және бас идеологтың қайтарған құжаттарын маған ұсынып тұрып:

– Мә танысып көр, біздің майдангерлеріміздің жағдайы қандай, олардың жылқындары қалай өмір сүруде екенін біл. Олар тойлайтын, шаттанатын жағдайда ма екені?

Сыртында «өте құпия» деген таңбасы бар құжаттар құжынаған цифрларға толы екен. Оны мен танымқан сайын жүрегімді ауырта түсі. «Жараланғандар саны – 46 млн 250 мың. Бас сүйегі қирап қайтқан майдангерлер – 775 мың. Бір көзбен қалғандар – 155 мың, мүлдем соқыр болып қалғандар – 54 мың. Бет әлпеті қисайып, жақ сүйектері күйрегендер – 501342. Мойындары қисайып қалғандар – 157565. Ішінен жараланғандар – 444046. Омыртқасы бүлінгендер – 143241. Жамбасынан жараланғандар – 630259. Жыныс мүшесінен айырылғандар – 28648. Бір қолмен қалғандар – 3 млн 121 мың. Екі қолынан да айырылғандар – 1 млн 10 мың. Бір аяғы мен бір аяғы жоқтар – 418905. Екі қолы да, екі аяғы да жоқ, халық «самауыр» атап кеткен байғұстар саны – 85942».

– Ал енді мынаны оқы, – деген Иван Степанович келесі қағаздарды ұсынды. «25 маусымға дейін үш күнде жау 250 шақырымға ішкерілеп кірді. 28

емес, жауынгерлер мен командирлер үшін. Орман мен далаларда, сай мен қыраттарда екі миллионнан астам батырдың сүйегі көмескі қалды. Ресми құжаттарда олар хабарсыз кеткендер болып есептелді. Бұл мемлекет қазынасы үшін тіпті экономика еді, соның салдарынан мыңдаған жесір мен жетім жәрдемақысыз қалды.

Сол күнгі әңгімеде Конев соғыстың бас кезіндегі жеңілмейтін даңқты Қызыл армиядағы орасан зор шығындардың себебін де қозғайды. Әскердің масқара болып шегінуіне және зор шығындарға ұшырауына армияның командалық құрамына ескі алында болған сталиндік тазарту үлкен әсерін тигізді. Тәжірибелі кадрлық әскери басылардан айырылған басқарусыз қалған армиядан не күтуге болады? Тәжірибелі әскери командирлердің барлығы дерлік лагерьлерге жөнелтілді, атылып кеткендері де аз емес. Ал олардың орнын оқ-дәрі ісісін себебеген лейтенанттар мен политруктер басқан еді...

– Жарайды, жетер! – деп күрсінген маршал деректерін адам басына сыйғыза алмайтын қорқынышты құжаттарды менің қолымнан алып жатып: – Енді түсіндің бе? Ал қалай мақтанамыз? Газетке не деп жазамыз? Қандай Жеңіс туралы айтамыз, сталиндік жеңіс туралы ма, әлде тым қымбатқа түскен жеңіс туралы ма? Бірақ айырмашылығы жоқ қой, – деді.

– Жолдас маршал, мен тіпті абыржып қалдым. Дегенмен, кеңестік саясатпен, – деп бөгіліп қалған мен, – адал жүрекпен жазған дұрыс болар. Енді сіз айтып тұрыңыз, мен жазып тұрайын.

– Жаз онда, магнитофоныңды қос. Басқа кезде менен ондайды есті алмайсың, – деп қалтыраған қолын ұқалап отырып бастап кетті.

«Жеңіс дегеніміз не? Біздің сталиндік жеңіс?

6 №132-133 (19615-19616)
8 қыркүйек, сенбі
2018 жыл

Біріншіден, бұл – бүкілхалықтық қасірет. Кеңес халқының миллиондаған құрбан болған жақындарын еске алып қайғыратын күн. Бұл – көз жасының дариясы мен қанның теңізі. Миллиондаған жарымжан жандар. Миллиондаған жетімдер мен әлжауз қарттар. Бұл – миллиондаған өте ауыр тағдырлар, құрылмай қалған отбасылар, дүниеге келмей қалған сәбилер. Фашистік, одан кейін кеңестік лагерьлерде азап шеккен Отанымыздың миллиондаған патриоттары».

Осы арада мен: «Жолдас маршал, бірақ мұны ешкім бастайды ғой» дедім амалсыздықтан.

– Сен жазуды біл! Қазір басағанмен, кейін біздің ұрпақтарымыз басады. Олар жеңіс туралы тәтті өтірікті емес, қанды қырғын туралы ашы шынықты білуді тиіс. Болашақта қырғағы болу үшін, билік басына адам кейіндегі ауылмдардың жетуіне жол бермес үшін осының бәрін білуді керек.

– Мына мәселені де ұмытпа! – деген Конев соғыстан психикасы бұзылған, мүмкіндігі шектеулі мүгедек жандарды, әсіресе, әлеуметтік көмек көрсету мекемелерінде қалай кемсітетінін еске салып. Мінберлерде шешендер «Отанымыз өз ұлдарын ұмытпайды!» деп айқайлап жатса, әлгіңдей мекемелерде соғыс салған жарақаттардан бет-әлпеті бұзылған жандарды «квазимода» («Әй, Нина, сенің квазимодан тағы келіп тұр» деп мекемедегі ейелдер еш қысылмастан айқайлап жатады), бір көзі жоқтарды «камбала», омыртқасы бүлінгендерді «паралитик», жамбасынан жараланғандарды «кри-вобокий», балдақпен жүргіндерді «кентурур», қолы жоқтарды «бескрылый», екі аяғы жоқ, қолдан жа-сап алған роликті арбамен жүретіндерді «самокат», қол-аяғы жоқтарды «тасбақа» деп атады.

– Қандай арсыздық, нақұрыстық! Бұлар кімдерді кемсітіп жатқанын білмейді, – деді маршал күйініп, – қарғыс атқыр соғыс өмір толқынына мүгедек, жарымжан майдангерлерді лақтырып тастады. Мемлекет оларға аз да болса көңіл бөліп, қандай да бір жағдай жасап, медициналық көмек пен қаржылай қолдау көрсету керек еді. Оның орнына соғыстан кейінгі Сталин басқарған үкімет бақытсыз жандарға тиын-тебенді құрайтын жәрдемақы тағайындап, оларды әуре-сарсаңы көп өмірге душар етті. Онымен қоймай, бюджет ақшасын үнемдеу мақсатында мүгедектерді жыл сайын ВТЭК-терде қайта тіркеуден өтіп тұруға мәжбүр етті. Сонда не, олардың оқ жұлып кеткен аяғы, не қолы қайта өсіп шыққан жоқ па, соны тексеру үшін бе? Зардап шегіп жүрген Отан қорғаушының мүгедектігін төменгі топқа түсіріп, зейнеткерлік жәрдемақссын азайтса болды, әйтеуір.

Сол күні маршал көп нәрсе айтты. Жоқшылық, құрған денсаулық, баспана жағдайының нашарлығы, қақыған ейелдерінің жазғыруы, отбасындағы ұрыс-керіс майдангерлерді үмітсіздікке душар етіп, маскүнемдікке салынуына әкеп соқты. Ақыр соңында көшелер мен вокзалдарда, базарда тіленшілікке шығатын болды. Өмірден түнілуі тіелін барған кешегі батырлар жүгенсіз қалыпқа түсіп, жағымсыз мінез-құлыққа басытын болды. Бірақ оларды бұл үшін қиналауға болмайды.

Қырқышны жылдардың аяқ жағында әр аймақтан жақсы өмір іздеген, бейшара халге түскен мүгедектер толқыны Мәскеуге ағылды. Ел астанасы енді ешкімге қажеті жоқ адамдарға толды. Олар билікке өздерінің еңбегі туралы еске салып, талап ете бастады. Бұл, әрине, шенеуніктерге унаған жоқ. Мазаны алған масылдардан қалай құтылуға болады деп бастары қатты.

Ал бұл уақытта, 1949 жылдың жазында Мәскеу көсемінің мерейтойын атап өтуге дайындалуда еді. Ел астанасы шетелдік қонақтарды күтуге дайын бо-луы үшін жуылып-тазартылып жатты. Сол уақытта қолжаспаен, балдақпен жүрген мүгедектер Кремльге жақын жерде демонстрацияға шықты. Бұл халықтар көсемінің қатты ашуын келтірді. Ол «Мәскеуді «қоқыстан» тазарту керек» деді. Біліктігелер де нақ осыны күтіп отырған еді. Мәскеудің көркін кетіріп, мазаны алғандарды жаппай «аулау» басталды. Құқық қорғау органдары, конвойлық әскерлер, партия белсенділері аз ғана күннің ішінде иесіз иттерді аулағандай етіп, «Қымбатты және сүйікті Сталиннің» мерейтойы қарсаңында астана көшелерінде, базарларда, вокзалдарда, тіптен бейіттерде қонып жүрген, елін-жерін жаудан қорғаймын деп, мүгедек болған жандарды тарих күресіне лақтырып тастағандай мерекелі Мәскеуден шығарып тастады. Міне, осы-дан кейін жеңімпаз армияның шығарып тасталған солдаттары өле бастады. Жарақаттан емес, ыза-дан, қаны қарайып, «Не үшін, жолдас Сталин?» деп тістенген күйі өмірден өтіп жатты. Осылайша, «Отан үшін! Сталин үшін!» деп жауып тұрған оққа қарсы шыққан, жеңімпаз солдаттардың шешілуі қиын сияқты болып көрінген мәселесін оп-оңай шешті.

– Мұндай мәселелерді шешу деген не тұрады біздің көсемге, ол тіпті тұтас халықтарды көшіріп жіберуге үйренген емес пе?! – деді Конев сөзін күшігішпен аяқтады.

Мақаланы оқып шыққанда жоғарыда атап өткендей, купеде болған үлкен орыс кісінің замандасына «Соғыстан кейінгі ауыр жылдары жоқшылықтан, ауру-сырқаудан қаншама майдан-гер өліп кеткенін білесің бе, сен?!» – деп күйінішпен бас шайқағаны еске түскен еді.

«Бір адам өлсе – трагедия, ал соғыста мың-дап өледі, бұл – статистика» дегендей, жоғарыда келтірілген мыңдаған цифрлардың әрқай-сысында ауыр да аянышты тағдыр жатқаны анық еді. Соғыстан кейінгі жылдары майдан-герлердің ауыр халіне соғыстан күйреп шыққан ел экономикасының қиын жағдайы да себеп болған шығар. Әйтсе де, адам тағдырына, миллиондардың тағдырына немқұрайлылықпен қарау ештеңе тұрмайтын сталиндік саясаттың жатқаны да шыныдқ еді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекетті университетінің ректораты мен ұжымы аппарата жетекшісі Аханова Роза Минельбековнаға інісі

Минаш Ахановтың қайтыс болуына байланысты қайғысын ортақтасып, көңіл айтады.



www.syrboyi.kz

SAN SALA

№132-133 (19615-19616)
8 қыркүйек, сенбі
2018 жыл

JIGER I

Аслан Қармақшы ауданының, дәлірек айтқанда, ІІІ Интернационал ауылының түлегі. Жастайынан сурет салуға құштарлығы мен бейімділігі оны Қорқыт ата университетінің бейнелеу өнері мамандығына оқуға түсуге алып келді. Университетті бітіріп шыққаннан кейін ауылындағы мектепте балаларға бір жылдай сурет сабағынан дәріс берді. Осыдан кейін Қызылордаға қоныс аударып, өндіріске араласты. Ел қатарлы нәпақасын тауып жүрді.

ТАБЫС ТАБАНДЫЛЫҚТА

Жазым деген аяқ астынан. Аслан техникалық қауіпсіздік шараларының сақталмауы салдарынан жұмыс учаскесінде өндірістік жарақат алып, ауыр халде ауруханаға жеткізілді. Бұл 2011 жылдың желтоқсан айы болатын. Ес-түсінен айырылып, төсекте танулы жатқан 26 жастағы тепсе, темір үзетін жігіт алдында қандай қиындықтар күтіп тұрғанын білмеді.

Бұл өте ауыр кезең болды. Жарақат алғаннан кейінгі екі-үш жыл ішінде төрт рет отаға түсті. Алайда, аяғын басып жүріп кете алмады. Мүгедектік арбаға таңылды. Сол уақыттары әркез жанынан жан жары Назерке табылды және мектепте бірге оқыған достары қолдау көрсетті.

Аслан өндіріс апатына түскеннен кейін жеті ай өткенде ұлдары Нұрислам дүниеге келді. Бұл

үлкен қуаныш сыйлады. Дегенмен, мүгедек арбасына таңылғанды мойындау оған қиынға соқты. Сондағы ішкі күйзелістерін сөзбен айтып жеткізу қиын. Ол уақытта армандарыма жететін мүмкіндік жабылды деп те ойлаған еді. Бірақ өмір сүруді жалғастырып, барлығын қайта үйренуге тура келді.

Қиналған сәттерде сурет салуды әдет қыла бастады. Әсіресе, табиғат көріністері мен жылқының суретін сала отырып жан күйзелісін баса алды. Ол салған суреттерімен облыс орталығында мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ұйымдастырылған бірқатар шараларға қатысып, жеңімпаз атанды. Соның бірі ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай өткізілген «Бәріміз бірдейміз, кемсітуді білмейміз» атты байқау еді. Қазылардың жоғары бағасына ие болған Аслан «Үздік жасампаз» номинациясында жүлделі І орын иегері. Келесі жылы да осындай байқау жеңімпазы атанды. Бұл жетістіктер оған қанат бітіріп, жігерлендіре түсті.

Мектепте мұғалім болып істейтін келіншегіне қолдау көрсету жөн деген ой оны үнемі мазалайтын. Есесіне, мүгедектігі үшін берілетін азғантай жәрдемақыға қарап отырудың және жөні жоқ. Міне, осындай ойлар оны кәсіппен айналысуға алып келді. Саудасын өрістеті келе канализация желісіне қажетті металл өнімдерін жеткізіп беру жүйесін жолға қойды. Қазір Қызылорда қаласында осы тауарларды сататын оншақты орынмен келісімде жұмыс жүргізіп келеді. Осындай орындар Арал мен Қазалыда да бар. Кәсіпкер жігіттің қасында өз істерінің шебері деп атауға лайық үш жігіт еңбек етуде.

Жуырда Кәсіпкерлер үйінде өткен «Өзіңе сене баста!» көрме-байқауы өзіндік мазмұнымен ерекше әсер сыйлады. Осы байқауға «Көріз жүйелері өнімі, темір және сурет бұйымдары» жобасымен қатысқан Аслан үшінші орынды иемденіп, 500 мың теңге сыйақымен марапатталды. Енді ол сол қаржыға ақша қосып, токарлық станок алып, сырттан келіп жатқан металл өнімдерді осы жерде дайындауды жоспарлап отыр.

– Адамның еңбекке деген ынтыасы болса, оған мүгедектік кедергі бола алмайды. Ең бастысы, алға қойған мақсатқа табандылық жеткізеді, – дейді Аслан Ертоқаев.

Айтпақшы, Аслан мен Назеркенің Нұрисламы биыл мектеп табалдырығын аттап, болашаққа қадам басып отыр.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы».

ҚЫЗЫЛОРДАҒА КЕЛҮДІҢ 11 СЕБЕБІ

Аймақта туризм бағытын дамытуды көздеген блок-тур осылай аталды. Қызылорда облысының оң имиджін қалыптастыру мен туристік нысандарды насихаттау мақсатында ұйымдастырылған тұрды блогерлер қолға алған. Тұрдың нәтижесі туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте “Социум-Қызылорда” қоғамдық қорының төрағасы Ерлан Мұсаев, видеоблогер Герман Дьяченко, сценарист Еркін Сәрсенбаев баяндады.

Блог-турды ұйымдастырушылар облыс аудандарын аралап өткен. Онда Сыр өңірінің демалыс орындары үш тілде видеоға түсіріліп, таныстырылады. Бұл үшін арнайы сценарист, жүргізушілер мен операторлар жұмыс жасаған. Аталған видео-блог қыркүйек айының 10-20-сы аралығында көпшілікке жол тартпақ.



– Бұл шара Қызылорда қаласының 200 жылдық мерекесіне орай ұйымдастырылды. Оның мақсаты – тарихы терең өлкені таныстыру. Осы тұрғыда аймақтың барлық тыныс-тіршілігін ашатындай әсем жерлерді көрсетуге тырыстық. «Жаңақорған шипажайы-

нан» бастау алған тур «Бәйгекұм» демалыс орнын, «Қорқыт ата» ескерткішін, «Байқоңыр» ғарыш айлағы мен Н.Лиясов ауылы, сол жағалау секілді көрнекті орындарды аралады. Сондай-ақ, мәдени орындардан бөлек, ұлттық тағамдарымыз бен корей, өзбек секілді

асханаларды көрсеттік. Бұл видео-блог барлық сырттан келетін қонақтардың қызығушылығын оятады деп сенемін, – деді Е.Мұсаев.

Тур ұйымдастырушылары жиын барысында аймақта саяхатшылар үшін барлық жағдай жасалғандығын ерекше тілге тиек етті. Әсіресе, автожолдың қолайлығы мен жол бойында орналасқан сервистік кешендердің туристер үшін жақсы қарастырылғанын баса айтты. Басқосу соңында БАҚ өкілдері тарапынан қойылған сауалдарға жауап беріп, қолдау көрсеткен барлық жергілікті мекемелер мен облыс әкімдігіне және “Абзал и К” ЖШС-на алғыстарын білдірді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».

Жас инспекторлардың СЫРДАҒЫ СЛЕТІ

Ғ.Байтасов атындағы 18-ші республикалық қозғалыстың жас инспекторлары слеті аяқталды. Шараның жаныстық ПД және облыс әкімдігінің қолдауымен ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті ұйымдастырды. Слет «Арай Sunrise» балалар лагерінің кешенінде өтті.

Мұндай форум өңірлік жарыс жеңімпаздарының қатысуымен 2001 жылдан бері тұрақты өткізіліп келеді. Былғы слет Қозғалыстың жас инспекторлары жасақтарының 45 жылдығына арналған.

Он күнге жалғасқан республикалық слетте оқушылар жол полициясының құрылу тарихы, жол-көлік оқиғасынан кейін алғашқы көмек көрсету және жол қиылысындағы қозғалысты реттеу машықтарымен бөлісті. Жарысқа республика бойынша 16 команда қатысты. Сондай-ақ, ТМД елдерінен Беларусь, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы командалары келді.

Қатысушылар «Сапты қарау», «Жас реттеуші», «ЖКЕ білгірлері», «Жас санитар», «Білімділер турнирі», «Агитбригада байқауы», сондай-ақ, велосипедті мәнерлеп жүргізу және автоқалашықта велосипедті жүргізу бойынша бақ сынасты. Полиция қызметкерлері мен білім беру саласы мамандарының арасында да жарыс өткізілді. Жарыстың ең негізгі бөлімдерінің бірі – жол қозғалысы ережесіне қатысты білімдерін тексеру болды. Бұл ойында Астана командасы оза шапты, олар бірнеше минутта тап-

сырманы орындап, жоғары балға ие болды. Сапта жүру мен салтанатты маршруттарды қостанайлық команда сәтті орындады. Велосипедпен мәнерлеп жүру жарысында беларустық команда өкілдері мен Павлодардан келген жас инспекторлар ерекше көзге түсті.

Слет барысында қозғалыстың жас инспекторлары үшін мектептерде ҚЖИ жасақтарының жұмысын ұйымдастыру, жол-көлік апаты кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша тәжірибе алмасу семинар-тренинг өткізілді.

– Ресейде де жыл сайын ҚЖИ слеті өткізіледі. Сондай-ақ, біз мемлекетаралық байқау ұйымдастырамыз. Ол жерде қазақстандық команда жақсы нәтиже көрсетеді, – деді Ресей Федерациясының өкілі Сергей Ханцкевич.

Сайыс нәтижесінде Қарағанды облысының ҚЖИ жасағы 18-ші республикалық қозғалыстың жас инспекторлары слетінің жеңімпазы атанды. Ал екінші және үшінші орын Қостанай мен Түркістан облысы топтарына бұйырды.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

«КӨЛЖАН» ЖШС - «SSM ОЙЛ» ЖШС

«ТҰЗКӨЛДЕГІ» МҰНАЙШЫЛАР МЕРЕКЕСІ

«Тұзкөл» кенішінде ел дамуына еселі үлес қосып келе жатқан мұнайшылар мерекесі тойланды. «Көлжан» және «SSM Ойл» мұнай консорциумы мерейлі мерекеде сала үздіктерін марапаттады.

Жерасты байлығын ел игілігіне жарату жолында қомақты үлес қосып келе жатқан «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамы елге етене таныс. Осы компанияның еншілесі саналатын «Көлжан» - «SSM-Ойл» бүгінде маманданған, жаңа технологияны игерген, қуатты консорциумға айналған. «Қара алтынның» қадірін білетін, мұнай саласын игеруде көпжылдық қолтаңбасы қалыптасқан мұнай консорциумы өңір экономикасының дамуына салмақты үлес қосып келеді.

«Көлжан» және «SSM Ойл» серіктестіктері біріккен кәсіпорынға жатады. 2005 жылы «CNPC Kazakhstan» АҚ-ның еншілес компаниясы «Көлжан» ЖШС «SSM Ойл» ЖШС-мен кен орнын барлау және өндіру мақсатында бірлескен қызмет жөнінде келісім жасасқан. Сол уақыттан бері аталған қос компания серіктес болып, ел байлығын бірге игеріп келеді.

Бүгінде ірі мұнай консорциумына айналған серіктестіктер Қызылорда және Қарағанды облыстарының аумағында мұнай және газ іздеуі, геологиялық барлау және мұнай өндіру жұмыстарын жүргізеді. Нәтижелі жұмыстардың арқасында «Тұзкөл», «Батыс Тұзкөл», «Солтүстік Кетеңазған», «Белқудық», «Жаңбыршы» мұнай кеніштері ашылып, мемлекеттік қорға өткізілді.

Соңғы жылдары Оңтүстік Торғай ойпагында геологиялық барлау және мұнай-газ іздеуі жұмыстарының нәтижесінде 40 млн тоннаға таяу мұнай қоры табылса, одан алынатын өнім көлемі 12 млн тоннаға жуық болмақ. Бұл – соңғы он жылдың ішінде облыста ашылған ірі мұнай қоры.

Мұнай-газ саласы қызметкерлерін құттықтауға кеңіс басына «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы У.Лынгын мырза мен «SSM Ойл» ЖШС-ның акционері Серік Қонақбаев арнайы келді.

– Компания табысты болса, елдің де табысы арта түседі. Табиғаттың басты байлығының әр тамшысын қымбат бағалайтын сіздерге еңбекте табыс, бейбіт өмірдің қызығын көруді және отбасы амандығын тілеймін! – деді У.Лынгын мырза.

Кеніште қазіргі таңда 150-ге жуық адам екі ауысымда жұмыс істейді. Солардың бірі – 3 разрядты оператор Ғалымжан Саткеев. Тәжірибелі, білікті маман мереке қарсаңында «ІПКҚ» АҚ президентінің алғыс хатымен марапатталды.

– Ерінбей еңбек еткен жан ескерусіз қалмайды. Қай кезде де адал еңбектің бағасы биік. Мұнай өндіру жұмысы оңай емес. Қысы-жазы далада жүреміз. Көптің жұмыла жасаған еңбегінің арқасында бүгінгі игілікке жеттік. Ұжымыма толағай табыстар мен үлкен жеңістер тілеймін. Табыстарымызға құанамыз, еңбегіміз жемісті болуы үшін аянбай тер төгеміз, – дейді көнігі мұнайшы.

Стратегиялық дамуды көздеген консорциум былтыр мұнайшылар қалашығында соңғы үлгідегі стандартпен жабдықталған 100 орындық жатақхана мен 75 орындық асхана-ны пайдалануға берген болатын. Биыл өрт сөндіру кешені мен оқу-жаттығу орталығының құрылысы аяқталып, жуық арада қолданысқа берілмекші.

– Мұнай-газ саласы біздің жас мемлекетімізде шешуші рөлге ие. Бүгінде Қазақстан мұнай қоры бойынша әлемде алғашқы он елдің, мұнай өңдеу бойынша жиырма ірі мемлекеттің қатарынан көрінуде. Көмірсутек шикізатының мол қоры елімізде индустриялық-инновациялық дамуды табысты жүзеге асыруға және тиімді энергетикалық саясат жүргізуге айтарлықтай мүмкіндік береді. Қызылорда облысының мұнай-газ және тау-кен өндірісі саласы аймақ экономикасының негізгі болып табылады. Осы орайда өңірдің әлеуметтік-экономикалық маңызын ескере отырып және облыс аумағында пайдаланылмай жатқан табиғи байлықты мақсатты пайдалану, саланы әрі қарай дамытуды жалғастыратын боламыз, – деді «SSM Ойл» ЖШС құрылтайшысы Серік Қонақбаев.

«SSM Ойл» ЖШС бас директоры Заурбек Жүнісов және «Көлжан» ЖШС директорының орынбасары Ғалым Байманов мұнайшыларды құттықтап, қуаныштарына ортақтасқан меймандарға алғысын білдірді. Халықтың болашағы үшін, ел экономикасының нығайып, қызылордалықтардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында аянбай еңбек ететіндіктерін жеткізді.

– Компания келісімшарт бойынша геологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп жатыр. Осы жұмыстардың қорытындысы бойынша үш кеніш ашылды. Құрылғалы бері компания Солтүстік Батыс Қызылқия кенішінен 2 млн тонна мұнай өндірді. – деді «Көлжан» ЖШС директорының орынбасары Ғалым Байманов.

Бүгінде «Көлжан» – «SSM Ойл» мұнай консорциумына қарасты жүзге жуық ұңғыма бар. Мұнайшылар алдағы уақытта барлау жұмыстары ауқымын кеңейтіп, жаңа кен орындарын ашуды жоспарлап отыр.

Шара соңы облыс өнерпаздарының мерекелік думанымен жалғасын тапты.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».

КІРПІШ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Өлшемі 250х120х88 мм, 250х120х65мм. Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.



(10-1)

ЖАРАМСЫЗ ДІП ЕСЕПТЕЛСІН

Қызылорда облысы, Сырария ауданы, Теренөзек кенті, И.Токтыбаев көшесі №111 ғимаратында орналасқан “Жардем” ЖШС-на қарасты Ақжарма ауылы, Ж.Домбаев №1 құрылысы, Садық ахун №5 мекен-жайындағы су құбыры станциясының жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-153-007-282), жылжымайтын мүліктегі техникалық паспорты, сатып алу-сату келісім-шарты (№6 30.01.2017 ж.), алыс-беріс актісі, Сырдария аудандық қаржы бөлімінің теңгеріміне беру туралы бұйрығы (№76 28.12.2013 ж.) түпнұсқалары жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Көзекші редактор Мөлдір СНАДИНҚЫЗЫ.

Меншік иесі СЫРБОЙИ МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36 БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17	Бас редактордың орынбасары – 70-00-43 Жауапты хатшы – 70-00-81 Бөлімдер: руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41 экономика – 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат – 70-00-73 жарнама – 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38, компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34	Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. “АҚ” - ақылы қызмет.	Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 28929 Тапсырыс №1422
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.			e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz		